БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 203 (9521) | 1954 жылғы 12 октябрь Сейсенбі | Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УҚАЗЫ (1-бет).
ОКТЯБРЬ МЕРЕКЕСІ АЛДЫНДАҒЫ ЖАРЫС: **Т. Есенов.**—Колхозшылардың мерекеге тартуы (1-бет).
БҮКІЛОДАКТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫНЫҢ ТӘЖРИБЕСІ: **В. Ашеткова,** —Әрбір сыйырдан 4 мың литрден сүт алу үшін (1-бет).
ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: **Б. Петров.**—Бақылау мен көмек болмаған жерде. **Г. Абросимов.**—Есеп беру-сайлау жыйналыстары. **Д. Әбішов.**—Партия кітапханасы жанындағы лекторийде (2-бет).
Герман Демократиялық Республикасының бес жылдығы (2-бет).
МАЛ ҚЫСТАТУҒА ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ӘЗІРЛЕНЕЙІК!—**А. Манаев.**- Бұлар мал қыстатпай ма? **П. Чаусов.**—Біздің әзірлігіміз (3-бет).
П. Яньшин. — Түтынушыларды мәдениетті қамтыймыз (3-бет).
А. Завьялов. —ДОСААФ-тың бастауыш ұйымдарының жұмысын жақсарта берейік (3-бет).
Ж. Мұқанов.—Балалық шақтары бақытты, болашақтары жарқын жастар (3-бет).
Қазақстан мен Орта Азия республикаларының спартакиадасы (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

Картоп жыйнау мен дайындауды тез аяқтайық

Елімізде азық- түлік молшылығын жасау жөнінде партиямыз бен үкметіміз алға қойған міндетті орындау жолындағы күресті күшейте отырып, облысымыздың колхозшылары мен МТС, совхоз жұмысшылары бірқатар игілікті жұмыстар істеді. Үстіміздегі жылы облысымыздың колхоздары мен совхоздарында тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен дәнді дақылдар егісінің көлемі едәуір ұлғайтылды. Сол сыяқты, халқымыз үшін бағалы азық-түлік дақылдары — картоп пен овощ дақылдарының көлемі де мықтап арттырылды. Облыс колхоздарында ғана үстіміздегі жылдың көктемінде 1953 жылмен салыстырғанда 960 гектар картоп артық отырғызылды.

Картоп пен овощь өсірудің озат агротехникалық шараларын өндіріске кеңінен енгізудің нәтижесінде облыс колхоздары мен совхоздары быйыл картоп пен овощь егілген аланда бітік өнім өсірді. Облыс ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің ең басты міндеті —басқа дақылдар сыяқты, картоп пен овощьтың осы бітік өнімін қыска мерзімде, ысырапсыз жыйнап алу, елімізге картоп пен овощь өнімдерін көп беруге жетісу болып табылады.

Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозы картоп пен овощь дақылдарын тез жыйнап, олардан мол өнім алуда. Мұнда быйыл картоп ерекше бітік өсті, 80 гектар картоп егілген алаңның әрбір гектарынан 120 путтан өнім жыйналуда. Бұл өткен жылы картоптан алынған өнімнен екі есе дерлік артық. Осы ауданның «Красный пахарь», Ворошилов атындағы, Пушкин атындағы, Конюхов ауданындағы Ленин атындағы, Соколов ауданындағы «Путь Ленина» колхоздарының колхозшылары да елімізде астық молшылығын жасау жолындағы күресте еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп, картоп пен овощь дақылдарын жыйнау, дайындау жұмыстарын ойдағыдай жүргізуде. Аталған шаруашылықтар быйыл картоп пен овощь дақылдарын мемлекетке тапсырудан және сатудан көп кіріс алғалы отыр.

Бұл фактілер көптеген шаруашылықтарда картоп пен овощь дақылдарын қыска мерзімде, ысырапсыз жыйнап алуға, мұндай бағалы азық- түлік дақылдарды мол дайындауға күш -мүмкіншіліктің жеткілікті екендігін көрсетеді. Алайда облыстың бірқатар шаруашылықтарында нан ауданда картоптың жартысына жуығы осы уақытқа дейін жыйналып алынбай отыр.

Осы ауданның Соколов МТС-інде быйыл картоп бітік өсірілді. Егер барлық аланда картоп ысырапсыз жыйналса, МТС қамтуындағы колхоздардың шаруашылықтың бұл түрінен мол табыс алатындығы күмәнсіз. Амал не, МТС және колхоз басшылары картопты ысырапсыз жыйнап алу ісіне жеткілікті көңіл бөлмей отыр. МТС қамтуындағы колхоздарда өсірілген картоптың жартысына жуығының осы күнге дейін жыйналып алынбағандығын тек осымен ғана түсіндіруге болады.

Ең қолайлы уақыттың өтіп бара жатқанына қарамастан, Полудень ауданының колхоздарында өндаған гектар картоп өнімі жыйналмай жатыр. Жаңдай ауданның Ново- Георгиев МТС-інде мұлде тәзгісіз күйде. Мұнда 121 гектар алаңға картоп егілсе, оның 86 гектарының өнімі әлі күнге жыйналып алынған жоқ. МТС басшылары да, колхоз басшылары да мұндай олқылықты тез жойып, картоп өнімінің түгелдей жыйналып алынуын қамтамасыз ету жөнінде тиісті шаралар белгілемей отырғандығы мұлде таңқаларлық жағдай.

Картоп пен овощь жыйнаудың ең қолайлы мерзімі өтіп барады дедік. Бұл жағдай жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарынан барлық күш- мүмкіншілікті тиімді пайдаланып, картоп пен овощь дақылдары өнімдерінің тез және ысырапсыз жыйналып алынуын қамтамасыз етуді талап етеді. Бұл аталған дақылдардың өнімін тез, ысырапсыз жыйнап алуға колхоз басшылары колхозшыларды жұмылдырып, олардың өнімді еңбек етуін қамтамасыз етуге тиіс.

Картоптың ысырапсыз жыйналуына жетісу үшін партия ұйымдары картоп жыйнауда жұмыс істеп жүрген колхозшылар арасында социалистік жарысты тыңғылықты ұйымдастырып, еңбек өнімділігін еселеп арттыруға барлық жағдайды жасай білулері керек.

Картоп пен овощь жыйнауды ойдағыдай жүргізумен іс бітпейді. Жұмыстың бұл саласындағы басты міндеттің бірі — алынған картоп және овощь дақылдары өнімінің есепке алынып, олардың дұрыс сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Әрбір колхозда, совхозда еңалдымен картоп және овощь өнімдерін сақтай-

Октябрь мерекесі алдындағы жарыс



Петропавл вагон жөндеу депосының токарі комсомолец К. Гончарук жолдас Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштаса отырып, жаңадан көтеріңкі міндеттемелер алды. Ол алған міндеттемесін орындау жолында қажырлылықпен еңбек етіп, кәзір сменалық нормасын 200-210 процентке дейін орындап жүр. Сонымен бірге, оның шығарған өнімдерінің сапасы да жоғары.

СУРЕТТЕ: токарь **К. Гончарук** жолдас кезекті тапсырманы орындау үстінде.

Суретті түсірген **И. Пасечный.**

Колхозшылардың мерекеге тартуы

Конюхов ауданындағы «Красная крепость» колхозының колхозшылары Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, ауылшаруашылық жұмыстарының салаларында айтарлықтай табыстарға ие болуда. Колхозшылар Чистян МТС-і механизаторларының күнбе- күнгі көмектерінің арқасында егіншіліктің мәдениетін быйыл мықтап арттырып отыр.

Быйыл егіс көлемі тың және тыңайған жерлер есебінен едәуір ұлғайтылды. Жыл бойына 1638 гектар тың көтерілді. Тыңға егілген жаздық бидайдан бітік өнім жыйналды. № 1 егіс бригадасының мүшелері (бригадирі Писаренко жолдас) тың және тыңайған жерлерге егілген жаздық бидайдың әрбір гектарынан 20-30 центнерден өнім алды.

Колхозда астық шығымының жақсы Колхоз мемлекетке астық сатуды да үлгілі жүргізді. Бұл мерзімге дейін мемлекеттік сауда орындарына 6665 центнер астық сатылды.

Мал өсірушілер мереке құрметіндегі жарысты барған сайын өрістете отырып, мал қыстатуға барлық жағынан үлгілі әзірленуде. Колхозда қоғамдық мал үшін 18400 центнер шөп, 8480 центнер сүрленген азық және 2700 центнер малазығындық қызылша әзірленген. Мал қораларын жөндеу, жаңадан қоралар салу жұмыстары да қарқынды жүргізіліп келеді.

Колхозда егіншіліктің мәдениеті арта түсуі және қоғамдық мал шаруашылығының өркендеуі колхоздың экономикасы нығайып, колхозшылардың әл- ауқат, мәдени дәрежесі жақсаруына қолайлы жағдай жасауда. Быйыл колхоздың табысы

Облыс аудандарында ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы

10 октябрьдегі мәлімет

(Жоспардың орындалу проценті)

Аудандар	Зябь жыртқу	Жыйналған картоп	Жыйналған овощь	Дайындалған піпен	Сүрленген шөп	Маяланған сабан
Октябрь	82,6	63,9	—	58,7	45,9	37,8
Преснов	82,3	95,3	80,9	52,4	41,9	26,1
Булаев	81,6	72,6	58,9	56,2	93,9	33,6
Приишім	74,3	92,8	66,6	49,7	28,8	27,8
Конюхов	65,9	75,5	24,0	39,8	90,0	42,4
Ленин	63,9	83,0	88,7	64,8	45,1	42,8
Петропавл	63,7	75,7	69,1	43,0	42,1	32,9
Совет	59,8	74,2	45,8	46,8	29,8	31,9
Полудень	52,8	76,7	59,5	32,9	62,4	32,5
Мамлют	47,9	83,3	63,9	90,8	33,8	51,6
Соколов	46,2	57,0	85,7	36,2	52,9	31,5

* * *

Облысымыздың көпшілік колхоздары мен совхоздары зябь жыртуда техника күпін күні-түні бірдей өнімді пайдаланып, бұл жұмысты табысты аяқтап отыр. Алайда, облысымызды тұтас алғанда зябь жырту қарқыны мұлде қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді.

Мамлют ауданының колхоздары өткен жылы зябь жырту жоспарын орындамаған-ды. Осы себепті көктемде егіс жұмыстары ұзаққа созылып, егіннің шығымды лығына елеулі нұқсан келтірілді. Аудан партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары өткен жылдың бұл кемшіліктерінен тиісті қорытынды шығарып, зябь жыртуды быйыл тыңғылықты ұйымдастырулары керек еді. Буған ауданда күш-мүмкіншілік те мол болды. МТС-тер қуатты жаңа тракторлармен және тіркеу саймандарымен жабдықталды. Бірақ колхоз, МТС басшылары бұл мүмкіншіліктерді жете пайдалана алмай келеді. Көптеген бригадаларда тракторлар зябь жыртуға қатыстырылмауда. Тракторлардың бірқатары техникалық жарамсыздықтан тоқтап тұрады. Осындай кемшіліктердің орын алуынан ауданда зябь жырту жоспары небары 47,9 процент ғана орындалып отыр.

Жаңдай Соколов ауданында да осындай. Осы аудандағы Налобин және Соколов МТС- терінің басшылары трактор бригадаларынан зябь жыртудың күнделік және бескүндік тапсырмасы мінсіз орындалуын қатаң талап етпей келеді. Мұның өзі бірқатар тракторлардың зябь жыртуға қатысуына, сөйтіп бұл жұмыстың қарқыны өтеумете баяу болуына негізгі себеп болуда. Ал, аудандық партия комитетінің секретары Брикунов, аудандық Совет атқомінің председателі Звягин жолдастар зябь жыртудағы кемшіліктерді дереу жоюды МТС басшыларынан қатаң талап ете алмай келеді. МТС және аудан басшыларының іске жаңды басшылық жасамауларының салдарынан аудан зябь жыртуда облыста артта қалып қойды.

Зябь жыртудың қолайлы кезеңі облысымызда өтіп барады. Сондықтан партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының басшылары бұл жұмыстың барысымен күнбе-күн шұғылданып отыруға, әрбір бригадада, колхозда және совхозда тракторлардың жұмысқа тәулік бойы тоқтаусыз қатыстырылуына жетісуге міндетті. Әрбір трактор бригадасында зябь жытудың күнделікті тапсырмасы орындалып отырылған жағдайда ғана облысымызда зябь жырту жоспарын толық орындап шығуға мүмкіншілік болатындығын олар жете түсінуге тиіс. Бұл жөніндегі жоспарды орындамайынша келесі жылы көктемгі егісті қыска мерзімде өткізуге болмайды.

аталған дақылдарды, әсресе, картопты жыйнау мүлде баяу жүргізіліп отыр. Бұған себеп сол —көптеген колхоздар өткен жылдың кемшіліктерінен тиісті қорытынды шығармай, картоп пен овощь дақылдарын жыйнауға быйыл да нашар әзірленді. Оның үстіне бұл жұмысқа қолда бар күш мүмкіншіліктер толық пайдаланылмай келеді.

Петропавл ауданындағы Димитров атындағы колхоз (председателі Чепурнов жолдас) өткен жылы картоп пен овощь өнімдерін мезгілінде жыйнап ала алмай, ондаған центнер картоп пен овощтың суыққа ұрылуына жол берген еді. Осының салдарынан колхоз үстіміздегі жылдың көктемінде картоп пен овощь дақылдарының тұқымын көршілес аудандардан қымбат бағаға сатып алуға мәжбүр болды. Колхоз басшылары өткен жылдың осындай қыйыншылықтарынан тиісті қорытынды шығарып отыр ма? Жоқ. Аталған дақылдарды жыйнауға нашар әзірленгендіктің салдарынан мұнда картоп пен овощь дақылдарын жыйнау төзгісіз ұзаққа созылып отыр. Кезінде жыйналып алынбағандықтан бұл колхозда өндеген центнер капустаның, помидордың, қыяр-дың ысырапқа ұшырауына жол берілді.

Картоп жыйнау Соколов ауданының колхоздарында да мүлде қанағаттанғысыз жүргізіліп отыр. Ауданның партия, совет және ауылшаруашылық органдары, бағалы азық-түліктік дақыл —картоп жыйнауға жанды басшылық жасай алмай келеді. Бұл ауданда көп колхоздар картоп пен овощь жыйнауға тіпті әлі күнге дейін шыңдап кіріспеген. Осының салдары-

Картоп өнімін сақтауда ауыл шаруашылығының мамандарына зор міндеттер жүктеледі. Мамандар картоп өнімінің жауынға, суыққа ұрындырылмай, қамбаларға күйылуына, олардың бүкіл жыл бойына бүлінбей сақталуына үнемі қамқорлық жасап отыру қажет.

Халқымыздың азық-түлік тоқарлары жөніндегі өскелең қажеттерін барлық жағынан толық қанағаттандыру міндетін әйдағыдай шешуде картоп пен овощь дақылдары өнімдерін мол дайындаудың маңызы өте зор. Осыған байланысты облысымызда алдағы жылы үстіміздегі жылмен салыстырғанда картоп егісінің көлемі екі есе дерлік ұлғайтылғалы отыр. Мұның өзі келесі жылдың егісіне қажетті картоп тұқымын осы күннен жеткілікті әзірлеп алуды керек етеді. Олай болса, әрбір колхозда картоп өнімінің түгел жыйналып алынуын қамтамасыз ете отырып, әрбір шаруашылықта алдағы жылдың егісі үшін картоп тұқымын мол етіп құйып алуға барлық жағдайды жасау қажет. Осымен бірге әрбір шаруашылықта картоп тұқымының бүлінбей дұрыс сақталуына баса көңіл бөлу керек.

Картоп молшылығын жасау ісіне тұтыну кооперациялары әрқашан қамқорлық жасап отыруға тиіс. Картоптың мол дайындалуы, әсресе оның көп сатылып алынуы үшін олар өздерінің жұмысын шұғыл жақсартулары қажет.

Картоп өнімін тез және ысырапсыз жыйнап алу, мемлекетке картоп өнімін көп тапсыру — облыс егіншілерінің бүгін таңдағы аса маңызды міндеттерінің бірі.

Жазушы Н.П. Бажанды Ленин орденімен наградтау туралы

СССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Туғанына 50 жыл толуына байланысты көркем әдебиет саласында сіңірген еңбегі ескеріліп, жазушы Николай Платонович **Бажан Ленин** орденімен наградталсын.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
К. ВОРОШИЛОВ.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары
Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль. 9 октябрь, 1954 жыл.

Жоспардан тыс жүз мың гектар тың көтерілді

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Облыс МТС-тері мен совхоздарының келесі жылғы егіске арнап жаңа жерлер көтеріп жатқан механизаторларының Октябрь алдындағы жарысында жаңа табыстарға қол жетті. 430 мың гектар тың көтерілді. Бұл — жоспарда көзделіптендегіден жүз мың гектар артық. Березов МТС-нің коллективі мейрам алдындағы міндеттемелерін жүзеге асыра отырып, Бөрлі ауданының «Путь к коммунизму» және Чапаев атындағы колхоздарында тапсырмадағы 18.600 гектар орнына 22.500 гектар жаңа жер жыртты. Январцевская станциясының механизаторлары тың көтеру жоспарын біржарым есе асыра орындады. Октябрь және Чапаев МТС-тері тапсырмадағыдан екі есе көлемді жер жыртты.

КЕНДЕРДЕ ТІРЕУ ОРНАТУДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚ

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Қарағанды бассейнінің № 37 шахтасында забойларда орнатуға арналған тіректің жаңа түрі— «Гипоуглемаш» институты қызметкерлерінің конструкциясы бойынша жасалған «ОК-150» металл діңгек тұңғыш рет қолданылды.

Металл діңгектің конструкциясы өте қарапайым. Ол арасы қуыс винттен, табаннан және жоғарғы тілек плитасынан құралған. Сынау жұмыстары тіректің жаңа түрін қолданудың осы операциямен шұғылданатын жұмысшылардың санын екі есе қысқартуға мүмкіндік беретінін көрсетті. Тірек ағаштардың жұмсалуы біржарым есе кеміді. Металл діңгектердің қолданылуынан шахтаның бір жылда 1 миллион сомы үнемделеді.

жоспарын, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу тапсырмасын мерзімінен бұрын толық орындап шығуға мүмкіндік берді.

мал өсірушілерге 5 сомнан ақша беріледі.

Т. ЕСЕНОВ.

Ауыр жүктерді көптеп тасуда

Бүкіл еліміздегідей Петропавл паровоз депосының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері, сол сияқты, паровоз машинистері Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа кеңінен ұштасып, еңбек өнімділігін арттыра түсуде.

Халық шаруашылығына қажетті жүктер тасуда ауыр жүк тиелген составтарды жүргізуші паровозшылардың алатын орны ерекше. Тек соңғы күндердің өзінде Макушин станциясынан Петропавлға, одан Есілкөл станциясына дейін ауыр жүк тиелген ондаған составтар мерзімінен бұрын жеткізілді. Ауыр жүк тиелген поезды алып жүруші Алексей Ануценков соңғы сапарында Макушин станциясынан Петропавлға 1315 тонна артық жүк тиелген ауыр составты белгіленген мерзімнен әлде қайда бұрын жеткізді.

Ауыр жүк тиелген поездарды жүргізуші Петр Маскалев жолдас та локомотивтің қуатын тиімді пайдаланып, еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Ол еліміздегі ауыр жүктерді алып жүретін машинистердің озат тәжрибелерін іс жүзінде кеңінен пайдаланып келеді. Мысалы, 10 август күні Макушин станциясынан № 19—1211 паровозымен 1320 тонна артық жүк тиеп, ол жүкті мерзімді уақытында Петропавл станциясына жеткізді.

Депоның барлық паровозшылары арасында мереке қарсаңындағы социалистік жарыс кеңінен өріс алып, олардың ішінде ауыр жүк тиелген составтарды алып жүрушілер саны барған сайын көбейе түсуде.

В. АХРЕМЕНКО.
паровоз депосының операторы.

Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоз быйыл картоп, овощь дақылдарының көлемін едәуір ұлғайтып, одан мол өнім жыйнауда. Колхоз дайындау орындарына 171 центнер картоп, 85 центнер капуста, 8,5 центнер пияз, 25 центнер қыяр, 25 центнер сәбіз, 42 центнер қызылша және 59 центнер помидор тапсырып, картоп және овощь тапсырудың міндетті жоспарын толық орындап шықты. Бұл колхоз МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу тапсырмасын да толық орындады. Колхозшылар сауда орындарына 1000 центнер картоп сатуға шарт жасаған болатын. Олар шарты 25 сентябрьге дейін артық орындады. Кәзір тағы да 2 мың центнер картоп сатуға шарт жасады.

Осы сияқты, Пушкин атындағы, Фурманов атындағы және Чапаев атындағы колхоздар да мемлекетке міндетті картоп, овощьтарды тапсырудың жоспарын толық орындады. Кәзіргі уақытта бұл колхоздың колхозшылары сауда орындарына жүздеген центнер картоп, овощь сатып, қала еңбекшілерінің бұл өнімдерге деген қажетін толығынан қанағаттандыру ісіне келелі үлес қосуда.

Т. ЖАҚСЫЛЫҚОВ.

Зябь мөлшерден артық жыртылды

«Аралағаш» колхозында (Совет ауданы) егін жыйнаумен бірге зябь жырту ұштастырыла жүргізілді. Бұл істе, әсресе, Совет МТС-нің Попов жолдас басқаратын трактор бригадасының мүшелері еңбектің тамаша үлгісін көрсетті. Олар 250 гектар тың және тыңайған жерлерді зябьке жырту керек болса, 20 сентябрьге дейін 850 гектар тың көтерді. Колхозда 25 сентябрьге дейін 1555 гектар зябь жыртылып, жоспар асыра орындалды. Кәзіргі уақытта механизаторлар жоспардан тыс зябь жыртуда.

С. ТЕМІРБАЕВ.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне

қатысушының тәжрибесі

Әрбір сыйырдан 4 мың литрден сүт алу үшін

Совхозда сауыншы болып 1938 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Осы мерзім ішінде сүтті көп алудың, сыйырларды азықтандырудың, күтудің жолдарын үйреніп, іс тәжрибемді байытттым. Маған соңғы кезде совхоз дирекциясы қырдың қызыл тұқымды 12 сыйырын бекітіп берді. Оның біреуі бірінші рет, біреуі үшінші рет бұзаулаған, ал қалған он сыйыр екінші рет бұзаулаған сыйырлар. Олардың барлығы да бірінші және екінші класты асыл тұқымды мал.

Өткен жылы әрбір сыйырдан орта есеп пен 3511 литрден сүт алып, совхоз сауыншыларының өзара социалистік жарысында бірінші орынға ие болдым. Қол жеткен табысты баянды ете отырып және сыйырлардың құнарлылығын барған сәрбір сыйырдан орта есеппен 4 мың йын арттыра отырып, үстіміздегі жылы литрден сүт алуға міндеттеме алдым.

Кәзіргі уақытта алған міндеттемемді аброймен орындап келемін. Сегіз айдың ішінде әрбір сыйырдан 2841 литрден ут алынды. Міндеттемені орындауға мүмкіншілік мол. Сыйырлардың сүттілігін арттыруға оларды азықтандыруды тыңғылықты ұйымдастыру арқылы жетісіп келемін. Мен малға берілетін азықтың құнарлылығын тексеріп, малдың сүйсінін жейтін азығының мол дайындалуына ерекше назар аударамын.

Сүтті мол алу үшін сыйырларға әр түрлі азық берудің ерекше маңызы бар. Бізде малды азықтандырудың рационы жасалады. Онда қай сыйырдың қай азықты сүйсінін жейтіндігі ескерілген. Мұнымен бірге сыйырға азықты беретін өнімне қарай ұйымдастырамыз. Мәселен, күніне 20-22 литр сүт беретін сыйырға тәулігіне 11 килограмм шөп, 4 килограмм концентрат және 20-25 килограмм сұрленген азықты мерзім-мерзімге бөліп береміз.

Малды азықтандырумен бірге оларды кезінде суарып отыру керек. Сыйырларға суды қажетінше берген жөн. Бұл малдың азықты көп жеуіне және өнімді көп беруіне қолайлы жағдай жасайды.

Жазды күні сыйырларды жайылымдарда бағуды тыңғылықты ұйымдастыраамыз. Мал мамандары сауын сыйырларды бағатын жайылымдарды белгілеп, ол жайылымдарды қанша мерзім пайдалану керектігін айтып отырады.

Сыйырларды тәулігіне 4 мезгіл сауу өте пайдалы. Егер сыйырлар тәулігіне 2-3 мезгіл сауылатын болса, онда олардан алынатын сүт мөлшері аз болады.

Фермада еңбектің дұрыс ұйымдастырылуының маңызы да ерекше. Сыйырларды белгіленген мерзімде азықтандырып, суарып отыру керек. Сауыншылар сыйырлардың асты ластан таза болуына жете назар аударулары қажет.

Дегенмен біздің жұмысымызда әлі де болса елеулі кемшіліктер бар. Оның бірі— үстіміздегі жылдың март және апрель айларында сұрленген азықтың және концентраттың бітіп қалуы болды. Мұның үстіне ірі сабақты мал азығы да жеткілікті мөлшерде болмады. Осыдан барып сыйырлардың құнарлылығы азайды.

Совхозда мал шаруылыстыру маусымы зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сай өткізілмей келеді. Сыйырлардың кезектесіп суалуына жетісе алмай келеміз. Бұл совхозда сүт алудың мөлшері біркелкі болмауына әкеліп соғуда. Өткен жылы менің қарауымдағы сыйырлардың біразы июнь, июль айларында суалды. Бұл алынатын сүт мөлшерінің көп болуына кері әсерін тигізді. Өйткені, сыйырлардың сүтті мол беретін кезеңі осы айлар болып саналады.

Малды суару ісінде де елеулі кемшіліктер әлі күнге дейін орын алып келеді. Біздің совхоздың мал қораларына автомат уарғыштар әлі күнге дейін орнатылған коқ. Жазда болсын, қыста болсын сыйырлар құдықтан суарылады. Жазғы уақыт-арда табиғи жайылым сулар құрғап қалады. Бұл кезде сыйырларды құдықтан суару өте қыйындыққа соғады. Осы себепті сыйырлардың көпшілігі суды қана іше алмайды.

Быйылғы жыл мен үшін өте қуанышты жыл. Өйткені мен быйыл Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатыстым. Онда мал өсіруде, мал шаруашылығының өнімділігін арттыруда озат шаруашылықтардың табыстарымен таныстым.

Көрмеде Архангельск облысы, Колмогор ауданының «Новая жизнь» колхозының мал шаруашылығының табыстарымен таныстым. Бұл колхоздың мал өсірушілерінің табыстары СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысында атап көрсетілген-ді. Шынында да олардың табыстары көз тартарлықтай. Бұл колхоз мал өсіру, оның өнімділігін арттыру жөнінде ауылшаруашылық көрмесіне екінші рет қатысқан. Олар алғашқы рет 1939 жылы көрмеге қатысқанда әрбір сыйырдан 2946 килограм сүт алған болатын. Быйыл колхоз мал өсірушілері әрбір сыйырдан орта есеппей 4615 килограмм сүт алып, суттің майлылығын 3,77 процентке дейін жеткізген.

Бұл колхоздың колхозшылары сыйырлардан мұндай жоғары өнім алуға жемшөп базасын нығайту арқылы жетісті. Колхозда әрбір сыйырға 0,54 гектарға дейін жемшөптік дақылдар егілген. Мұның өзі әрбір сыйырға жылына 20 центнер жабайы азық, 60 центнер құнарлы азық және 11 центнердей концентрат берілуіне мүмкіндік берген.

Сол сияқты көрмеде Сумск облысы, Лебедин ауданы, Ленин атындағы колхоздың сауыншысы Дарья Забуга жолдастың іс тәжрибесімен таныстым. Ол сауыншылық жұмыста 14 жыл істейді. Осы мерзім ішінде Забуга жолдас сыйырлардың құнарлылығын арттыруда үнемі жоғары көрсеткішке ие болып жүр. Ол 1952 жылы әрбір сыйырдан 5559 килограмм сүт алуға жетіскен. Тәжрибелі сауыншы өзінің әңгімесінде бізге сүт «сыйырдың тілі мен сауыншының қолында» деп өзінің тәжрибесін баяндады. Бұл колхозда сыйырлардың суйін жейтін азығы үнемі жеткілікті мөлшерде әзірленеді. Сыйырлар электр агрегатымен сауылып, автомат суарғышпен суарылады. Фермадағы қол еңбегін көп тілейтін жұмыстар түгелінен механикаландырылған. Фермада еңбек тәртібі қатаң сақталады. Сауыншылар жұмысты режим бойынша істейді. Забуга жолдас сыйырлардың сүтті көп беру үшін бұзаулағаннан кейін олардың күйін дереу арттыруға барлық жағдай жасайды. Шынында бұл жағдай біздің совхозда осы уақытқа дейін ескерілмей келді.

Бұл сияқты еліміздің алдыңды қатарлы сауыншыларының іс тәжрибелерін өз ісімізге кеңінен қолдану совхозда сыйырлардан сүтті мол алуға мүмкіндік береді. Мен көрмеде көрген-білгенімді өз ісіме батыл қолданамын.

В. АШЕТКОВА,
Тоқшын совхозының сауыншысы.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Бақылау мен көмек болмағандықтан

Бір лекцияның кемшіліктері туралы

Біздің партиямыздың жүргізіп отырған идеологиялық жұмысында лекциялық насихат маңызды роль атқарады. Жақсы дайындалған, мазмұнды лекция маркстік-ленициндік теорияны өздігінен үйренуші коммунистер мен партияда жоқ жолдастарға елеулі көмек көрсете алады. Лекция еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің маңызды құралдарының бірінен саналады.

Лекциялардың сапасына деген талап күн сайын өсіп отыр. Лекцияны дайындау —творчестволық процесс. Бұл істе асығыстық, үстірттік лектордың сәтсіздікке ұшырауына және лекцияның бағалылығын төмендетуге әкеліп соғады. Жақында насихатшылардың семинарында Мамлют ауданды партия комитетінің штаттан тыс лекторы Л. Н. Орлова жолдастың «Коммунистік партияның ауыл шаруашылығының барлық саласын онан әрі өркендету, көпшілік тұтынатын тоқарлар өндірісін шұғыл арттыру жөнінде шаралары —коммунистік қоғам орнату жолында ірі қадам» деген тақырыпта оқыған лекциясының тағдыры, міне осындай болды.

Лекцияның тақырыбы өте қызықты, біздің өміріміз —ол үшін бай материал. Лекцияда насихатшылар үшін пайдалы көп мәселелерді айтып, олардың үйірмелер мен саяси мектептерде сабақты өткізуіне жақсы көмектесуге болатын еді. Алайда лектор бұл мақсатқа жете алмады. Ол лекцияда бірқатар маңызды мәселелерді терең ашпады, лекцияның тыңдаушылар үшін қызықты, әсерлі болуын қамтамасыз етпеді.

Халық игілігі туралы қамқорлық жасау —Коммунистік партия мен Совет үкметінің жоғарғы заңы. Біздің елімізде мүмкіндіктің бәрі де халықтың материалдық және мәдени дәрежесін күн сайын арттырып отыру мақсатына бағытталған. Коммунистік партия халық үшін, оның игілігі үшін соғыстан кейінгі жылдарда халық шаруашылығын қалпына келтіру және оны онан әрі өркендету жөнінде дүние жүзінде теңдесі жоқ жұмыстарды жүзеге асырды. Бейбіт совет экономикасының барлық салалары алға басуда. Ойдағыдай өркендеген ауыр өнеркәсін негізінде социалистік ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде ігі шаралар жүзеге асырылуда. Халықтың материалдық жағдайы жақсарып, оның мәдени дәрежесі артуда. Коммунистік партия мен Совет үкметінің шаралары бір мақсатты —совет адамдарының тұрмысын онан әрі жақсарту, оларды азық-түлік және өндіріс тоқарларымен барынша қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Бұл шаралардың бәрі де бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан лекцияда бұл байланысты айтпай кетуге болмайтын еді. Лектор бүкіл лекцияны тек СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының маңызын түсіндіруге ғана арнады. Ол лекцияны 1 сағат 10 минут оқыды. Осы уақыттың ішінде лектор СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қаулысының жүзеге асырылуы жөнінде ештеңе айтпады.

Ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде әңгіме болғанда, барлық ауылшаруашылық өндірісінің негізі ретінде астық шаруашылығын өркендету міндеттеріне ерекше тоқталу қажет еді. Алайда, лекцияда СОКП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумының қаулысы жөнінде небары бес-ақ минут сөз болды. Лектор біздің елімізде ауыл шаруашылығының барлық саласын шұғыл өркендетудің негізгі шарттары ретінде астық проблемасын шешудің маңызы бар екенін дәлелдеп бере алмады және бұл зор міндетті жүзеге асырудың жолдарын көрсете алмады.

Астық өндірісін ұлғайтуда тың және тыңайған жерлерді игерудің зор маңызы бар екені мәлім. Көзір бүкіл Одақ бойынша 13,5 миллион гектар тың және тыңайған жерлер игерілді. Соның ішінде Қазақстанда 7 миллион гектардан астам тың көтерілді. Бірақ бұл — мемлекеттік маңызы бар ұлы істің бастамасы ғана. Партия жаңа жерлерді игеру есебінен астық өндірісін онан әрі ұлғайту міндетін қойып отыр. 1956 жылы тың және тыңайған жерлердегі дәнді және басқа ауылшаруашылық дақылдарының егісі 28-30 миллион гектарға жетпек.

Біздің республикамыз алдағы уақыттада жаңа жерлерді онан әрі игеруде зор роль атқарады. Қазақстанда бүгінге дейін пайдаланылмай келген 12 миллион гектар егістік жер зерттеліп, есепке алынды. Көптеген жаңа совхоздар ұйымдастырылмақ. Мәселен, бізбен көршілес Қостанай облысында 80 совхоз, Ақмола облысында 50-ден астам жаңа совхоздар ұйымдастыру белгіленіп отыр. Жаңа совхоздар біздің облысымызда да ұйымдастырылады. Бұл фактілерді лектор пайдаланбай, ұмыт қалдырды.

Лекция неғұрлым коммунистік құрылыстың практикалық міндеттерімен, өмірмен байланысты болса, солғұрлым ол сапалы болады. Мұндай лекция, әсересе, насихатшылар үшін өте қажет. Лектордың лекцияға жергілікті материалдарды пайдалануға толық мүмкіндігі бар еді. Солтүстік Қазақстан облысы тың және тыңайған жерлерді игеруде шешуші роль атқаратын аудандардың бірі. Үстіміздегі жылы біздің облысымызда 700 мың гектардан астам тың және тыңайған жерлер игерілді. Соның ішінде Мамлют ауданының колхоздары 15 мың гектардан астам жаңа жерлерді көтерді. Көктемде игерілген жаңа жерлерден облыстың колхоздары мен совхоздары мол өнім жыйнады. Село еңбекшілері ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде партия мен үкмет белгілеп берген программаны жүзеге асыру жолында қажырлылықпен еңбек етуде. Бірақ, не пайда, бұл мәселелер лекцияда айтылмады. Сонымен қатар лекцияда [illegible]

Лектор коммунистерді осы кемшіліктерді жою мақсатына бағыттауы керек еді. Жалпыға мәлім мәселелерді, әсерсіз, құрғақ, жұртты жалықтыратын тілде баяндау—жоғарыда айтылған лекцияның құндылығын төмендетті.

Коммунистік партия мен Совет үкметі халық тұтынатын тоқарлар өндірісін арттыру міндетін қалай жүзеге асырып отырғаны лекцияда толық айтылмады. 1954 жылы 1950 жылғымен салыстырғанда халық тұтынатын тоқарлар өндірісінің көлемі 60 процеттен астам, ал тоқар айналымы 75 процент өсті. Халық тұтынатын тоқарларды өндіру жөніндегі бесжылдық жоспар мерзімінен бұрын орындалғалы отыр.

Шетелдердегі миллиондаған еңбекшілер Совет мемлекетінің халыққа деген қамқорлығын барған сайын айқын сезінуде. Бізде осылай болып отырғанда капитал елдерінің үкметтері мемлекеттік бюджеттің негізгі бөлегін жаңа соғыс өртін тұтандыру мақсатына жұмсап, еңбекшілерді қайыршылыққа, жұмыссыздыққа ұшыратуда. Сондықтан ССРО-ның халық шаруашылығының халықаралық маңызына лектор баса назар аударуға тиіс еді. Бірақ, бұл бұлай болмады.

Жоғарыда аталғандардан басқа лекциядағы тағы да бір кемшілік мынада болды: Орлова жолдас лекцияны конспектіден көзін аударай оқыды. Сөйтіп тыңдаушылардың лекцияны тыңдауына назар аудармады. Муны лектордың өзі де мойындады. Ол тыңдаушыларға «лекция ой дағыдай болмады» деп айтуға мәжбүр болды. Ал насихатшылар мұнан да тәрі ашығырақ айтты. Олар «Мұндай лекцияның кімге қажеті бар» деп дұрысын айтты. Шынында да насихатшылар үшін мұндай лекцияны несіне ұйымдастырған. Айта кету қажет, жоғарыда айтылған лекцияны аудандық партия комитеті секретарьларының бірі оқуға тиіс еді. Бірақ аудандық комитеттің секретарьлары насихатшылардың семинарында бұл лекцияны оқуға қатыспады.

Егер аудандық партия комитеті қажетті көмек көрсетсе, Орлова жолдастың өзі де лекцияны жақсы дайындаған болар еді. Оның жоғары дәрежелі білімі бар. Орлова жолдастың бұдан бұрынғы оқыған лекциялары тыңдаушыларды әрқашан қанағаттандырып келді. Әңгіме Орлова жолдастың соңғы лекцияға тыңғылықты әзірленбеуінде, оның лекциясының текстісі талқыланбауында болып отыр.

Басқа жерлердегі сияқты Мамлют ауданында маркстік-ленициндік теорияны өздігінен үйренушілердің саны көбейді. Оларға көмекті жақсарту үшін аудандық партия комитетінің штаттан тыс лекторларымен жұмысты жақсарту, олардың жұмысына бақылауды күшейту мәселелеріне ерекше назар аудару қажет. Лекторлардың жұмысына басшылық пен бақылау [illegible]

Есеп беру-сайлау жыйналыстары

Петропавл ауданының бастауыш партия ұйымдарында көзір есеп беру-сайлау жыйналыстары өтуде. Бұл жыйналыстарда коммунистер СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдары қаулыларының орындалуына қорытындылар жасап, партия ұйымдарының ауыл шаруашылығы еңбекшілерін осы қаулыларды орындауға жұмылдыра білгенін, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын өркендетуде елеулі нәтижелерге жетіскенін атап көрсетті.

Мәселен, «Луч Ленина» колхозы бастауыш партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысында колхоздың егіс алаңы өткен жылы тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен мың гектар артық ұлғайтылғаны, ал бұл жағдай алдынала есептеулер бойынша колхоздың быйылғы жылы 2 миллион сомнан асатын жалпы табысына 500 мың сом қосылуын қамтамасыз ететіні айтылды.

Партиялық саяси және ұйымдастыру жұмыстарының колхозшылар арасында тұрыс жүргізілуі нәтижесінде Пушкин атындағы колхоз малдың барлық түрі бойынша мал шаруашылығын өркендету және мемлекетке малшаруашылық өнімдерін тапсыру жоспарларын 1 августқа дейін орындап шығып, көзір бұл өнімдердің артығын мемлекетке сату жұмыстарын жүргізуде. Астық және овощ шаруашылықтарын өркендетуде Ворошилов атындағы колхоз айтарлықтай табыстарға жетті. Бұл колхоздың табысы тек овощ шаруашылығын өркендетумен ғана 400 мың сомға артқалы отыр.

Есеп беру-сайлау жыйналыстарында коммунистер мұндай жетістіктермен қатар партиялық-саяси жұмыстағы кемшіліктерді де батыл ашып, өткір сынға алуда.

Асанов МТС-інің партия ұйымында жақында ғана болып өткен есеп беру-сайлау жыйналысында саяси-бұқаралық жұмыстың механизаторлар арасында нашар жүргізілуі, салдарынан МТС трактор жұмыстарының 9 айлық жоспары небары 91-ақ процент орындағаны, ал көктемгі егіс, егін жыйнау жұмыстарының тиісті дәрежеде болмауынан бірқатар колхоздарда мол өнім алынбағандығы қатты айтылды. Көзіргі уақытта көптеген трактордың тоқтап тұрғандығынан МТС бойынша зябь жырту жоспары 61-ақ процент орындалып отыр. Тракторшы Новичихин, комбайншылар Грязнов, Левлюх жолдастар сыяқты озат механизаторлардың жұмыс тәжрибелері МТС-те қолмақол қолдау тауып, таратылмады.

Коммунистердің белсенділігін арттыруда, оларды идеялық тәрбиелеуде және саяси шыныктыруда партия жыйналыстарының зор маңызы барлығы мәлім.

Алайда біздің ұйымда, —деді жарыс сөзде сөйлеген коммунист Савченко жолдас, —партия жыйналыстары мезгілінде, әсересе, ең жауапты кез—жаз айларында өткізілмеді.

Коммунист Попов жолдас партия ұйы[illegible]

Астық тасуды тездетуде

Кішкентай № 33 разъездегі тынышты-қты осы соңғы уақытқа дейін өткен поездың гүілі ғана бұзатын еді. Осы арада жақын орналасқан аудандарда тың жерлердің игерілуі кішкене разъездің өміріне көп жаңалықтар еңгізді. Көзір мұнда күні-түні тыңда өсірілген егінінің астығы тиеліп жатады, жылжымалы электр станция қуатты транспортерлерге электр қуатын береді, олардың көмегімен астық автомашиналардан тікелей вагондарға тиеледі. Мамонтовск совхозы мен осы төңіректегі колхоздар разъезге күн сайын ондаған мың пұт астық жеткізеді. Еліміздің түрлі қалаларына арналған астық мұнда күн сайын эшелон-эшелон болып жөнелтіліп жатады.

Түркстан-Сибирь темір жолының № 31, 34, 43, және басқа көптеген разъездері астық тиейтін ірі пункттерге айналдырылған.

Магистральдің жолшылары, паровозшылары, вагоншылары, движенецтері астық тиеген поездарды тиісті станцияға мейлінше тез жеткізу үшін жарысуда. Сарыозек станциясының теміржолшылары өзінің жұмысын шебер ұйымдастырды. Соңғы кезекшіліктердің бірінде станция кезекшісі Клочкова жолдастың сменасы 12 поезды шаппаң әдіспен тоқтаусыз жөнелтті. Смена коллективі сол күні жүк тиеу тапсырмасын 120 процент, жүк түсіру жоспарын 150 процент орындады.

Семей станциясындағы жұмыс бір минутта тоқтатылмайды. Астық тиелген, жанармай құйылған, ағаш, көмір, көпшілік тұтынатын тоқарлар тиелген поездар үздіксіз келіп-кетіп жатады. Станция бастығының аға көмекшісі Романовтың кезекшілігінде барлық поездар әділ графикте көрсетілген мерзімде жөнелтілді, ауыр салмақты 7 поезд құрастырылды, астық тиеген барлық эшелондарды жылдам жөнелту қамтамасыз етілді. Салмағы 3 мың тоннадан арттын астық тиеген поездың станцияда тұру мерзімі 22 минут қысқартылды. Бұған поезды қабылдау, байқаудан өткізу және вагондарды жөндеу жұмыстарын қатарынан жүргізу есебінен қол жетті.

Жамбыл станциясында астық тиеген поездардың бәрі дерлік шаппандатылған әдіспен жабдықталады.

Көзір Түрксибте астық өткен жылғы сентябрьдегіден жеті есе артық тасылуда. Астық тасу графигі асыра орындалуда.

(ҚазТАГ).

Астық өндіру екі есе артты

ВИКТОРОВКА. (Қостанай облысы). (ҚазТАГ). Тобыл МТС-інің аймағындағы колхоздар дәнді дақылдардан мол өнім жыйнады. Егіннің әр гектарынан жоспарда белгіленгенінен орта есеппен 1,1 центнер астық артық алынды.

Соңғы бес жылдың ішінде МТС аймағындағы колхоздар 20 мың гектардан аса жаңа жерлерді игерді, бұл барлық егіс көлемінің үштен екісіне тең. Быйылғы жылы дәнді дақылдар көбінесе дайындалған жерлерге егілген болатын, көп участоктерде әр гектарына 110-130 килограмнан тұқым себілді. Мемлекетіміз станцияны барынша молынан қаруландырған бай техника егінді жақсы бапталған жерлерге агротехникалық қолайлы мерзімдерде егуге мүмкіндік туғызды. Егістіктерді малалау, фосфоробактеринмен тыңайту кеңінен қолданылды.

МТС аймағындағы колхоздарда астықтың жалпы өнімі быйыл екі есе арттырылды. Мемлекетке 175 мың центнер астық тапсырылды, яғни өткен жылғыдан екіжарым есе көп. Астық өндіруді арттыру колхозшылардың еңбегіне ақы төлеуді көбейтуге мүмкіндік туғызды. Колхоздар әр еңбеккүнге аванс ретінде 3 килограмнан астық және 10—15 сомнан ақша беріп жатыр. Бөлінбейтін қорға көп ақша қаржысы салынуда. Ауылшаруашылық артельдері бұл ақшаға 13 жүк автомашинасын және бірнеше жеңіл автомашина, оңдаған электр двигательдерін, астық тазартатын машиналар сатып алуда, 15 малшаруашылық қорасын, 5 жабық қырман салуда, қоғамдық мал санын көбейтуде.

Тобыл МТС-інің аймағындағы колхоздардың егіс көлемі алдағы жылы екі есе ұлғайтылады. Дәнді дақылдардың бәрін пар және зябь жыртылған жерлерге егу белгіленіп отыр. Колхозшылар механизаторлармен бірлесе отырып, жаздық егіс үшін көзірдің өзінде 50 мың гектардан аса пар мен зябь әзірлеп қойды.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне арналған экспонаттар

ПАВЛОДАР. (ҚазТАГ). Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне арналған жаңа экспонаттар самолетпен Москваға жіберілді. Лозов ауданының Панфилов атындағы колхозында көрме участогін басқаратын П. Пономаренконың егіс бригадасындағы егіншілер жаңа жерлерде өсірілген дәнді дақылдардың бауларын жіберді. Бригада быйыл бидайдың «гордейформе 189» сортын 22 сантиметр тереңдікпен [illegible] да озат агротехниканы қолданудың нәтижесінде 250 гектар егіннің әр гектарынан 156 путтан астық алды.

Үрлітөп ауданының Сталин атындағы колхозы сұлыдан мол өнім өсірудің тәжрибесін ортаға салады. Өткен жылы бидай егілген жүмсақ топырақты 100 гектар жерге колхоз быйыл бір гектарға 110 килограмнан келетіндей етіп қатарлы әдіспен сұлы еккен болатын. Жазда [illegible]

55 минуты сентябрь Пленумының мәселелеріне арналды. Соның өзінде Орлова жолдас тыңдаушыларға соншалықты қажетті емес мәселелерге тым көп тоқта-

ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі міндеттерді жүзеге асыруда колхоздардың, МТС-тердің және басшы органдардың жұмысынан орын алып отырған кемшіліктердің беті ашылмады.

қылауды күшейтпейінше, лекциялардың мазмұнын жақсартуға болмайды.

Б. ПЕТРОВ.

ҚКП облыстық комитетінің лекторлар тобының жетекшісі.

ПАРТИЯ КІТАПХАНАСЫ ЖАНЫНДАҒЫ ЛЕКТОРИЙДЕ

Быйыл қалада партия оқуы жүйесінде марксизм-ленинизм теориясын, халықаралық жағдай, сыртқы саясат мәселелерін 2820 коммунист өздігінен үйренбек.

ҚКП қалалық комитеті жаңа оқу жылындағы бұл жағдайды ескере отырып, партия кітапханасы жанынан теорияны өздігінен үйренуші коммунистерге арнап лекторий ұйымдастырды. Мұнда қаладағы таңдаулы насихатшылар Воинова, Красная, Мицуков және тағы басқа жолдастар СОКП тарихы, сыртқы саясат мәселелері жөнінде лекциялар оқыйтын болады.

Бастауыш партия ұйымдарына өздігінен үйренуші коммунистерге оқылатын лекциялардың расписаниесі де таратылды. Бұл расписание бойынша лекторийде айына екі рет, жыл бойы барлығы 16 лекция оқылмақ. Жақында СОКП тарихын, сыртқы саясат мәселелерін өздігінен үйренуші коммунистердің екі тобына Красная жолдас «СОКП тарихы—марксизм-ленинизмнің жүзеге асырылуы», Мицуков жолдас «Сәвет мемлекетінің сыртқы саясатының негізгі принциптері» деген тақырыптарға алғашқы кіріспе лекциялар оқыды. Өздігінен үйренушілер бұл лекцияларды зор ықлас қойып тыңдады.

Өздігінен үйренушілерге жүйелі, жанжақты көмектер көрсетуді көзден, ҚКП қалалық комитеті партия кітапханасында консультант насихатшылар есебінен күн сайын кезекші болуды ұйымдастырды.

Алайда, лекторийді ұйымдастыру жұмысында әлі де кейбір кемшіліктер орын алып отыр. Мәселен, күні бүгінге дейін саяси экономияны, диалектикалық және тарихи материализмді өздігінен үйренуші коммунистерге арналған лекциялардың расписаниесі жоқ. Сол сықақты, жалпыға түсінікті лекциялардың оқылуы жөнінде де ұйымдастыру жұмыстары жүргізілмеген.

Жоғарыда көрсетілген алғашқы лекцияларға коммунистердің қатысуы да қанағаттанғысыз болды. СОКП тарихын үйренушілерден небары 15-ақ адам, ал сыртқы саясат мәселелерін үйренушілерден 10-ақ адам жыйналды. Рас, мұндай лекцияларға коммунистердің міндетті түрде қатысуы шарт емес. Бірақ, бұл коммунистерге көмек болғаннан кейін, бастауыш партия ұйымдарында лекцияларға қатысып отыру қажеттігі жөнінде коммунистер арасында түсінік жұмыстарын жүргізу керек еді.

ҚКП қалалық комитеті марксизм-ленинизм теориясын өздігінен үйренуші коммунистерге нақтылы және тыянақты көмек болуын қамтамасыз етуге тиіс

Д. ӘБІШОВ.

мының секретары Веретенников жолдастың қарарлардың орындалуын жеткіліксіз тексергендігіне, соның салдарынан, жақсы деген қаулылардың өзі қағаз жүзінде ғана қалып отырғанына тоқталды. Бірқатар коммунистер Веретенников жолдастың басқарудың коллективтік принципін бұзып, жұмысты партия ұйымымен байланыссыз және комсомол ұйымының көмегіне сүйенбей жүргізгенін қатты сынады.

Партия ұйымының жұмысындағы кемшіліктерді өткір және батыл сынға алу коммунистердің саяси саналылығы мен белсенділігінің дәрежесі артып, кемшіліктерге төзбеушіліктері күшейгендігін көрсетті. Есеп беру-сайлау жыйналысы партиялық жұмыстың дәрежесін арттыруға бағытталған нақтылы қаулы қабылдады. Бюроның жаңа құрамы және аудандық IX партия конференциясына делегаттар сайланды.

Ауданның бастауыш партия ұйымдарында есеп беру-сайлау жыйналыстарының өткізілуі ауыл шаруашылығының барлық салаларын да шұғыл өркендету жөніндегі партия қарарларының өйдағыдай орындалу жолындағы күресте коммунистердің белсенділігін арттыра береді.

Г. АБРОСИМОВ.

одіспен еккен болатын. 580 гектар егіннің әр гектарынан 120 путтан бидай алынды. Осындай көлемді жерге егілген тарының «саратовское 853» сорты гектарына 175 путтан өнім берді. Цюрупа ауданының «Вперед к коммунизму» колхозының Сәгит Жарылғапов басқарған бригадасы Москваға жаңа жерлерде өсірілген бидайдың үлгілерін жіберді. Бригада-

нәтижесінде егіннің әр гектарынан 200 путтан астық алынды.

Павлодар ауданының Жамбыл атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары 20 гектар тыңайған жерге егілген қарбыздың гектарынан 28 тоннадан өнім алды. Олар жемістің ең жақсы үлгілерін Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне жіберді.

Жастар мереке қарсаңындағы вахтаға тұрды

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Жамбыл кәсіпорындарының 4 мыңдай жас жұмысшылары Ұлы Октябрьдің 37 жылдығы құрметіне еңбек вахтасына тұрды. Олар жылдық нормаларын мерзімінен бұрын орындау үшін жарысуда.

Жамбылдың суперфосфат заводында Сейітқасым Сәрсенбаев пен Василий Жиленковтың түйіршік тыңайтқыш шығарушы жастар бригадалары жарыстың алдыңғы қатарында келеді. Бірсыпыра техникалық жаңалықтарды жүзеге асырып, олар еңбек өнімділігін 12 процент арттырды, ал кәзір декабрь есебіне минерал тыңайтқыштар беруде. Қант комбинатының, хром және құю-механика заводта-

рының, жүнді алғашқы өңдеуден өткізетін фабриканың жас мастерлері табыстарын арттыра түсуде. Мереке қарсаңындағы вахтаға тұрғаннан бері олар тапсырмаға қосымша 2 миллион сомның өнімін мінсіз саналы етіп шығарды.

Жамбыл депосының жас паровозшылары мерекеге лайықты тартулар әзірлеп жатыр. Комсомолец машинист Владимир Третьяковтың бригадасы жеше астық тиеген ауыр салмақты поезды тиісті станцияға графиктегіден 54 минут бұрын жеткізді. Осы сапарымен озат коллектив жүк тасудың жылдық тапсырмасын мерзімінен бұрын орындады.

Герман Демократиялық Республикасының бес жылдығы

Бүгін Герман Демократиялық Республикасының құрылғанына бес жыл толды. Бұдан бірнеше күн бұрын Қытай Халық Республикасының бес жылдығы кеңінен аталып өтті. Бұл даңқты күндерді бүкіл прогрессіл адамзаттың мейрамдауы демократиялық өркендеу жолына түскен, өз тағдырын өз қолдарына алған халықтардың қысқа мерзім ішінде қандай шын мәнісіндегі тарихи табыстарға жете алатынын көрсетіп отыр.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының, ССРО Министрлер Советінің және Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Герман Демократиялық Республикасының Президенті Вильгельм Пик жолдасқа, Герман Демократиялық Республикасының Министрлер Советіне, Германияның Социалистік біртұтас партиясының Орталық Комитетіне жолдаған құттықтауында былай делінген:

«ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы, ССРО Министрлер Советі және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Совет Одағының халықтары атынан Герман Демократиялық Республикасының құрылғанына бес жыл толуымен байланысты Сіздерге және бүкіл герман халқына туысқандық сәлем жолдап, шын жүректен құттықтайды.

Герман Демократиялық Республикасы соғыстан кейінгі кездегі қыйын жағдайда мемлекеттік құрылыстың барлық салаларында, бейбіт экономиканы өркендетуде, мәдениет пен ғылымды өрге бастыруда, халықтың материалдық әл-ауқаты дәрежесін арттыруда аса үздік табыстарға жетті.

Біртұтас Социалистік Партияның басшылығымен Герман Демократиялық Республикасында терең мағналы әлеуметтік өзгерістер жүзеге асырылды. Жұмысшы табы еңбекші шаруалармен мызғымас одақ құрып, герман халқының барлық демократияшыл және патриот күштерін біртұтас ұлттық майданға біріктіріп, герман милитаризмін қайта тудыру хауіпіне қарсы, өз Отанын біріктіру жолындағы, Германияны демократиялық және бейбіт негізде өркендету жолындағы оның күресін басқарып келеді».

Герман Демократиялық Республикасының құрылуы Европаның тарихындағы бетбұрыс болды.

ГДР-дің құрылуы нәтижесінде неміс ұлтын қайта тудырудың берік іргетасы, біртұтас, демократиялық және бейбітшіл Германия жолындағы күрестің іргетасы қаланды.

ГДР құрылған кезден бастап неміс халқы нағыз демократиялық және шын мәнісінде бейбітшіл герман мемлекетін құру жолына батыл түсті. Мұның мүмкін болған себебі сол, Герман Демократиялық Республикасында өкмет билігі жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың қолында отыр, өйткені бұл өкмет герман халқының барлық демократияшыл және патриот күштерінің қолдауына сүйеніп отыр, өйткені бұл елдің қожасы халықтың өзі болып табылады.

Герман Демократиялық Республикасы кәзіргі уақытта бүкіл неміс халқының демократияшыл, бейбітшіл күштерінің тірегі ретінде, оның біртұтас, демократиялық, бейбітшіл Германия жолындағы күресінің тірегі ретінде халықаралық аренаға шықты. Халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықты жақтайтын саясатының әрқасында ГДР халықаралық бедел мен сенімге ие болып, бейбітшіл халықтардың арасында лайықты орын алып отыр. Герман халқының барлық патриот және демократияшыл күштері ГДР-ден біртұтас, тәуелсіз, демократиялық, бейбітшіл Германия құру жолындағы күресте өзінің сенімді тірегін көруде.

Герман Демократиялық Республикасының өмір сүруінің бес жылы экономиканы, мәдениетті қарыштап өркендеткен және еңбекшілердің әл-ауқатын үнемі арттырған жылдар болды. Бесжылдықтың үш жылы ішінде республикада өнеркәсіп өнімін шығару соғысқа дейінгі 1936 жылмен салыстырғанда 60 проценнтен аса артты, ал быйылғы жылдың орта шенінде одан екі есе дерлік асып түсті. Өнеркәсіптің маңызды жаңа салалары пайда болды. Атап айтқанда, металлургия базасы құрылып, ауыр машиналар жасау және кеме жасау өнеркәсібінде өндірістік қуаттар едәуір арттырылды, кәзіргі заманның көптеген ауылшаруашылық машиналарының өндірісі жолға қойылды. Ауыл шаруашылығында да едәуір табыстарға қол жетті.

Халық шаруашылығының ойдағыдай өркендетілуі Герман Демократиялық Республикасының халықтың артып отырған тілектерін толық қанағаттандыру мақсатымен жеңіл және тамақ өнеркәсібін өркендетуді күшейтуіне, халық тұтынатын товарлар шығаруды арттыруына мүмкіндік берді. Қолданылған шаралардың нәтижесінде еңбекшілердің тұрмыс дәрежесі үздіксіз артып келеді.

Герман Демократиялық Республикасында жасалған және жасалып жатқан саяси, экономикалық өзгерістер Батыс Германияға орасан зор ықпалын тигізуде. Неміс халқының біртұтас, демократиялық және бейбітшіл Германия күресінде Герман Демократиялық Республикасының ролі барған сайын арта түсуде. ГДР-дің өмір сүріп, оның күштерінің ұдайы артып отырған фактісінің өзі герман халқының ұлы ұлттық ретінде қайта тууына барлық мүмкіндіктері бар екенін, бұл ұлттың дүние жүзі халықтарының арасында өзіне лайықты орын алатынын көрсетеді.

Сонымен қатар Герман Демократиялық Республикасының халықаралық аренада Совет Одағы, Қытай Халық Республикасы және бейбітшіліктің, демократияның, социализмнің бүкіл лагері сыяқты тірегі бар екендігінің маңызы орасан зор.

Совет Одағы мен ГДР арасында туысқандық достық қатынастар орнады. Біздің елдеріміз арасындағы өзара қатынастар әуел бастан-ақ өзара сенім мен өзара көмекке негізделіп келеді. Соғыстан кейінгі жағдайда біздің мемлекеттеріміз бірбірі жөнінде алған міндеттемелерді бұл уақыттың бүкіл өнбойында екі жақ та борышын толық түсінгендікпен және халықтарымыз арасында достықты нығайтуға үнемі ұмтылған талаппен орындап келді. Совет Одағы басқа суверенді мемлекеттермен қандай қатынас орнатқан болса 1954 жылдың көктемінде ГДР-мен де сондай қатынастар орнатты. ГДР ендігі жерде өзінің сыртқы және ішкі істерін, соның ішінде Батыс Германиямен өзара қарым-қатнас мәселелерін өз дегеніне шешуге еркін болып отыр.

ССРО мен ГДР арасында экономикалық нытымақ және мәдениет байланыстары үздіксіз арта түсуде.

Совет Одағы герман проблемасын бейбітшілікпен шешу үшін қажырлылықпен күресіп келеді. Берлин кеңесінде жасалған совет ұсыныстарының маңызы зор. Совет үкметі оккупациялық әскерлерді Шығыс және Батыс Германияның территориясынан әкету туралы келісімге жетуді және бұл мәселені кәзірдің өзінде, ешбір кешеуілдетпей шешуді Құрама Штаттардың, Англияның және Франциянын үкметтеріне тағы да ұсынып отыр. Бұл ұсынысты қабылдау Шығыс Германияның да, сондай-ақ Батыс Германияның да халқының жағдайын жеңілдеткен болар еді. Мұның өзі сонымен қатар Шығыс және Батыс Германияны бір-бірімен жақындастыруға, сәйтіп, Германияны қайта қосуға неғұрлым қолайлы жағдай тудырған болар еді. Бұл ұсынысты қабылдау, сонымен бірге, халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдетуге және Европада бейбітшілікті нығайтуға көмектесуді көздеген талап бар екенін көрсеткен болар еді.

Совет Одағы герман мәселесін түбірлі түрде шешуді жақтап келді және жақтап отыр. Германиямен бітім договорын жасасу осындай шешім бола алады. Кәзіргі жағдайда Германияның бірлігін қалпына келтіру туралы мәселені шешу герман проблемасын шешу үшін басты және шұғыл мәселе болып табылады. Бұл мәселе шешілген күнде бітім договорын жасасу жолындағы кедергілердің бәрі жойылады.

Быйылғы жылдың басында болған Берлин кеңесінде жалпыгерманиялық еркін сайлау туралы келісімге қол жеткен жоқ. Кәзіргі уақытта, «европалық қорғаныс бірлестігін» құру жоспарларының күйреуіне байланысты, төрт державаның бұл мәселе жөніндегі позицияларын жақындастыруға жаңа мүмкіндіктер ашылып отыр. Совет үкметі өз тарапынан бұдан бұрын Берлин кеңесіне қатысушылар жалпыгерманиялық еркін сайлау туралы мәселе жөнінде жасаған ұсыныстарды да, сондай-ақ жаңадан жасалуы мүмкін ұсыныстарды да қарауға әзір екенін білдіреді. Әлбетте, Совет Одағының Батыс Германияны ремилитарландыру жоспарларына теріс қарайтын позициясының «европалық қорғаныс бірлестігіне» де, сондай-ақ кандайда болса пердемен бүркемеленген мұндай жобалардың басқаларына да қатысы бар. Европада бейбітшілікті нығайту мүдделері үшін, сондай-ақ герман халқының өзінің мүдделері үшін Батыс Германияны ремилитарландыру жоспарларын қабылдамай тастап күш-жігерді таяудағы уақыттың негізгі және шұғыл міндетін шешуге—демократиялық және бейбітшіл мемлекет ретінде Германияның бірлігін қалпына келтіруге жұмсау қажет.

Герман мәселесін шешкен кезде сонымен қатар БҰҰ Бас Ассамблеясының кәзіргі сессиясына енгізілген совет ұсыныстарын да еске алмауға болмайды, өйткені бұл ұсыныстар қару-жарақты азайту және атом қаруына тыйым салу туралы мәселе жөнінде қажетті келісімге жетуге мүмкіндік тудырып отыр.

Совет халқы ГДР еңбекшілерінің табыстарына шын жүрегімен қуанады. Совет Одағының халықтары Герман Демократиялық Республикасының еңбекшілері жеткен аса үздік табыстарды терең қанағаттанған сезіммен атап көрсетуде және неміс жұмысшы табының, шаруалардың интеллигенцияның және бүкіл герман халқының өз Отанын біріктіру жолындағы, бейбітшілік ісі жолындағы, бейбітшіл, демократиялық мемлекет орнату жолындағы күресте онан әрі табыстарға жетуін шын жүректен тілейді.

Герман Демократиялық Республикасы жасасын!

Герман және совет халықтары арасындағы мызғымас достық артып, нығая берсін!

(«Правданың »7 октябрьдегі басмақаласы).

Мал қыстатуға тыңғылықты әзірленейік!

☆ ☆ ☆



СУРЕТТЕ: Мамлют асыл тұқымды мал совхозындағы ірі қарамалдарды жайылымда бағу.
Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Бұлар мал қыстатпай ма?

Мамлют ауданындағы Ленин атындағы колхоз өткен жылы мал қыстату маусымына тыңғылықты әзірленбеді. Колхоз басшылары қоғамдық малды жемшөп қорымен, жылы, жайлы қорамен қамтамасыз етпеді. Осының салдарынан колхоз мал қыстатуда елеулі қыйыншылықтарға кездесті.

Колхоз председателі Чупрасов, бастауыш партия ұйымының секретары Пирожков жолдастар бұл кемшіліктерден нақтылы қорытынды шығарып, быйыл колхоздың мал қыстатуға тыңғылықты әзірленуін қамтамасыз етулері керек еді. Бірақ олар «мал қыстатуға әзірленуге әлі уақыт жетеді» деген зиянды пікірдің шырмауын да болып, бұл іске жете көңіл бөлмеді.

Мұнда қоғамдық мал жемшөп қорымен қамтамасыз етілмеген. Колхозда 5 октябрь де дейін жемшөп дайындау жоспары небәрі 46,9 процент қана орындалды. Осыған қарамастан колхоз басшылары шөп шабуды тоқтатып қойған. Колхозда Чапаев атындағы МТС-тің үш кеңалымды шөп машинасы босқа тұр. Шынында колхозда жабындық жерлер өте көп. Мәселе колхоз; МТС басшыларының шөп шабуға көңіл аудармауларында болып отыр. Жемшөп дайындау жоспары орындалмағаннан кейін колхоз басшылары егіннің сабаны мен мекенін жыйнауды, маялауды ұйымдастырулары керек еді. Бұл жұмыс та әлі күнге дейін өте нашар жүргізілін келеді. Егіннің сабаны мен топаны аныздарда қалуда.

Колхозда шөп сүрлеу [illegible]

Біздің әзірлігіміз

Біздің совхоз негізінен астық совхозы болып есептелгенімен мал шаруашылығы жөнінен де елеулі орын алады. Сентябрь Пленумының қаулысына байланысты совхоз мал шаруашылығы саласын өркендете беру жолында совхоз коллективі біршыпыра табыстарға жетіп отыр. Совхозда мал өсірудің жоспары барлық түлік бойынша да толық орындалды. Сонымен қатар мал шаруашылығы өнімдерінің мөлшері де өткен жылғымен салыстырғанда әлде қайда артты. Совхоздағы әрбір сауын сыйырдан 1 октябрьге дейін 1710 литрден сүт алынды. Ал, совхоздың алдыңғы қатарлы сауыншыларының алған сүт мөлшері мұнан да жоғары.

Бізде жаңадан мал қораларын салу және ескі мал қораларын жөндеу жұмысы көктем кезінен-ақ басталды. Ол үшін құрылысқа керекті материалдар дайындалып, әр бөлімшеде арнаулы құрылыс бригадасы ұйымдастырылды. Кәзір бұл құрылыс бригадалары бір стандартты сыйыр қорасы және бір қой қорасын салып жатыр. Құрылысшылар бұл жұмысты 15 октябрьде толық аяқтап шыққак.

Кәзір совхозда 20 ескі мал қорасы түгелдей жөнделді. Бұлардың ішіне сырты түгел сыланып, іштеріне пеш орнатылды. Малды туралған және буланған азықпен қамтамасыз ету үшін әрбір мал қоралары ішіне азықты буландырғыш кухнялар орнатылды. Сонымен бірге шөп тұрағыш, дөн үккіштер жөндеуден өткізілді. Бір сыйыр қорасы мен бір шошқа қорадан тыс совхозда 8 мың центнерге жуық турнепс, 200 центнер малазығындық қарбыз, 150 центнер асқабақ әзірленді. 10 мың центнер концентрат құйылды. Сауын сыйырлардың сүттілігін арттыруға қажетті азықтың бірі —1600 центнер картоп дайындалды.

Қоғамдық малға дайындалған 63 мың центнерден аса көк шөп бар. Кәзір бұл мал азығын мал қоралары қасына жеткізу жұмысы қызу жүргізілуде. Шабылған жемшөпті 15 ноябрьге дейін мал қоралары жанына тасып жеткізу мақсатымен совхоз бұл жұмысқа 20 арба және тіркеуімен 3 трактор бөлді. Ал алыс участкелерге шөп тасу жұмысына машиналар пайдаланылмақ. Қар алғашқы жауған күннен бастап маздағы шөпті «С—80» тракторымен сүйретіп тасыймыз. Біздің бұл жұмыс үшін әрбір бөлімшеге 2—3 «С—80» тракторын бөлуге толық мүмкіншілігіміз бар.

Біз қоғамдық малды тек қана шөп және басқа жемдермен қамтамасыз етуді жеткіліксіз деп білеміз. Малдың азықты құмартып жеуі үшін олардың әртүрлі болғаны жөн. Осындай мал азығына араластырып беруге аса құнды жемнің бірі —сабан мен топан. Сондықтан бізде сабан мен мекенді ұқыпты жыйнап, маялау жұмысына ерекше көңіл бөлінуде. Совхоздың әр бөлімшесінде бұл жұмыста 10—15 адамнан жүр. Олар күніне 2 мың центнерге жуық сабан мен топан маялайды. Кәзірдің өзінде бұл азықтан 17 мың центнер дайындалды.

Тұтынушыларды мәдениетті қамтыймыз

Коммунистік партия мен Совет үкметінің туысқандық қамқорлығы арқасында совет халқының әл-ауқаты мен мәдени тұрмысы күн санап жақсарып келеді. Олардың материалдық тұрмысының жақсаруына байланысты сатып алу қабілеті де артуда. Сондықтан совет тұтынушыларының өскелең тілегін жете ескеріп, оларды сапалы, сәнді киімдермен және басқа көпшілік тұтынатын товарлармен мәдениетті қамту— сауда орындарының аса маңызды міндеттері болып табылады.

Біздің № 37 шаруашылық есептегі магазиннің коллективі қала тұтынушыларын мәдениетті қамту жолында қажырлы еңбек етіп келеді. Біз былтыр тұтынушылардың өскелең талабын ескеріп, оларға қажетті товарларды алдыруға үнемі заказ беріп отырамыз. Мұның өзі қала тұтынушыларын қажетті товарлармен кезінде қамтуға, сөйтіп, айлық, тоқсандық жоспарларды мерзімінде орындауға мүмкіншілік беруде.

Қалалық сауда бөлімінің № 37 магазині бұдан бұрын ескі үйде болатын. Оның өзі жұртшылықты мәдениетті қамтуға қолайсыз еді. Жақында біздің магазинге арналған үй сапалы жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді. Магазин үйін жөндеуге 60 мың сомнан астам қаржы жұмсалды. Жаңа магазин үйі тұтынушыларды мәдениетті қамтуға сондай қолайлы. Мұнда аяқкиімдері, тігілген киімдер, түрлі маталар және басқа көпшілік тұтынатын товарлар сатылады.

Жаңа магазин үйінің полкаларына сәнді маталар, жібектер, тігілген киімдер, ерлер мен әйелдердің және балалардың бірнеше фасонды аяқкиімдері қойылған. Магазиннің лавкалары тұтынушылардың өзінің қажетін таңдап алуына қолайлы етіліп орналастырылған. Кешқұрым магазиннің кең залын, әрбір бөлімдердің тұсын әдемі абажурмен қоршалған Ильич шамдары жарқыратып тұрады.

Бұрнағы күні жаңа магазин үйінде алтаншқы сауда басталды. Бұған өздерінің қажетті товарларын сатып алу үшін мыңдаған қала тұтынушылары келді. Бір күннің ішінде магазин 161 мың сомның әртүрлі бұйымдарын сатты. Жаңа магазин үйінің жөнделіп, пайдаланылуға берілуі мереке алдындағы социалистік жарыстың нәтижесі. Демек құрылысшылар жарыста алған міндеттемелерін орындап шықты.

Біз совет тұтынушыларын қажетті бұйымдармен қамтуды бұдан да жақсарта береміз. Сөйтіп, олардың күн санап өсіп отырған өскелең тілегін қамтамасыз етіп, мереке алдындағы сауданы кеңінен өрістету арқылы айлық, тоқсандық жоспарын мерзімінен бұрын, асыра орындауға жетісеміз.

П. ЯНЬШИН.

Қаладағы сауда бөлімінің № 37 шаруашылық есептегі магазиннің директоры.

Достық көмек

ДОСААФ-тың бастауыш ұйымдарының жұмысын жақсарта берейік

Жастардың арасында физкультура мен спортты кеңінен өрістетуде ДОСААФ-тың маңызы зор. Ол мыңдаған жастарымызды спорттың әр түрлеріне үйретеді. Сөйтіп, олардың шофер, мотоциклші болуына, спорттың және басқа түрлерін ойдағыдай меңгеруіне көмектеседі.

Соңғы жылдарда ДОСААФ-тың бастауыш ұйымдарының жұмысы анағұрлым жақсара түсті. Олар техникалық, авиациялық және соғыс-теңіз білімдерін насихаттауда айтарлықтай жетістіктерге ие болды. Қаладағы ДОСААФ-тың бастауыш ұйымдарында осы тақырыптарда көптеген лекциялар оқылып, баяндамалар жасалды. Оған ДОСААФ-тың бастауыш ұйымдарының 8 мыңға жуық мүшелері қатысты.

Қалалық комитеттің, бастауыш ұйымдардың және мектептердің қасындағы арнаулы ұйірмелерде көптеген жастар оқып, өздерінің спорт мамандығын едәуір жетілдірді.

Бұған Петропавл паровоз депосы бастауыш ұйымының жұмысы дәлел бола алады. Мұнда партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары ДОСААФ-тың бастауыш ұйымына күнбе-күн басшылық жасап отырады. Міне, соның нәтижесінде, спортпен әуестенген вагоншылардың саны көбейді. Тек осы жылдың өткен айлары ішінде ДОСААФ-тын Отанымыздың қорғану қабілеттілігін арттырудағы ролі, оның міндеттері және басқа тақырыптарда 22 баяндама жасалды. Депоның барлық цехтарында да бастауыш ұйымдар жұмыс істейді.

Мұнда ДОСААФ мүшелері үшін мылтық атып үйренетін тир жасалған, ұйірме жұмысын жүргізетін арнаулы бұрыш ұйымдастырылып, оған винтовканың және басқа мылтықтардың макеті, көрнекі оқу құралдары қойылған. Практикалық сабақ үшін екі мотоцикл сатып алынды.

Депода мотоциклшілер, радистер, атқыштар ұйірмелері бар. ДОСААФ-тын бастауыш ұйымы оның председателі Гранфеев жолдас ұйірмелердің жұмысын жоспарлап, оны ұйымның жыйналыстары мен мәжілістерінде бекітіп отырады. Жоспарда көрсетілген жұмыс түрлерін орындау бастауыш ұйым тарапынан бақылауға алынады.

695 мүшесі бар ет комбинатындағы ДОСААФ-тың бастауыш ұйымы да (председателі Котляренко жолдас) өз жұмысында айтарлықтай табыстарға жетіп келеді.

Мұнда атқыштар, ПВХО, авиомодельшілер және басқа ұйірмелер ұйымдастырылған. Олардың сабағын үлгілі өткізуге, ДОСААФ мүшелерінің аталған ұйірмелерде оқуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған.

Алайда, қаладағы ДОСААФ-тың басқа бастауыш ұйымдарында жұмыс жайы бұлай болмай өтір. Көптеген бастауыш ұйымдар жұмысты формальді істейді. Мезгілінде ұйым жоспарын жасап, оның жүзеге асырылуын айтарлықтай ұйымдастырып отырмайды.

Мысалға Киров атындағы заводтың бастауыш ұйымын алайық. Мұнда ДОСААФ-тың жұмысы бетімен жіберілген. Тіпті, керек десе, жылдық жарна да мезгілінде жыйналмайды. Мүмкіншіліктің жеткіліктілігіне қарамастан заводта түрлі ұйірмелер ұйымдастырылмаған. Заводтың кәсіподақ ұйымының председателі Балашов, ДОСААФ-тың бастауыш ұйымының председателі Капустин жолдастар ДОСААФ мүшелерінің санын көбейтуге, ұйірмелердің жұмысын жандандыруға жете көңіл бөлмей келеді.

Панфилов атындағы, «Ударник» және «Прогресс» артельдерінде ДОСААФ-тың бастауыш ұйымы формальді түрде ұйымдастырылған. Тіпті бұл ұйымдарда күні осы уақытқа дейін комитет те құрылмаған. Ал артельдің кәсіподақ, комсомол ұйымдары мұндай тәзгісіз жағдайға көріне көзге жол беріп отыр.

ДОСААФ-тың қалалық комитеті де бастауыш ұйымдарға нақтылы басшылық жасамады. Комитеттің нұсқаушылары бастауыш ұйымдарда болып олардың жұмысына практикалық көмек көрсетпеді. Соның салдарынан кейбір бастауыш ұйымдарда ДОСААФ мүшелерінің саны кеміп, ұйым жұмысы тіпті нашарлап кетті.

Қалалық комитет және ДОСААФ-тың бастауыш ұйымдары өз жұмысындағы кемшіліктерді іс үстінде түзеп отыруға тиіс. ДОСААФ мүшелерінің санын көбейтіп, олардың спорттың көптеген түрлерін ойдағыдай меңгеруіне жетісуге, сөйтіп, Отанымыздың қорғанымпаздық қабілетін арттыруға әрбір ДОСААФ мүшесінің айтарлықтай үлес қосуын қамтамасыз етуге міндетті.

А. ЗАВЬЯЛОВ,
ДОСААФ-тың қалалық комитетінің председателі.

ОҚУЛЫҚТАР ЖЕТІСПЕЙДІ

Октябрь ауданындағы Қаратал жетіжылдық мектепте быйыл 72 оқушы оқыйды. Оларға тиісті мамандықтары бар 7 оқытушы сабақ беріп жүр. Мектеп жаңа оқу жылына жақсы әзірлікпен келді.

Алайда жаңа оқу жылы басталғанға дейін мектеп көптеген оқулықтарды тауып ала алмады. Бұл жөнінде аудандық оқу бөліміне және аудандық тұтынушылар одағына қабарланса да, ондағылар дер кезінде шара қолданбады. Соның нәтижесінде кәзір мектепте V-VII кластар үшін ботаника, география, арифметика, II-III кластар үшін ана тілі, орыс тілі оқулықтары жетіспей отыр. Сол сияқты көптеген көрнекі құралдар, лабораториялық аспаптар жоқ.

Октябрь аудандық оқу бөлімі мектептерді оқулықтармен, көрнекі құралдармен қамтамасыз ету мәселесін тез арада шешуі керек.

К. АСЫЛБЕКОВ.

шөп сүрленуі керек болса, бұдан небары 40 тонна ғана шөп сүрленді. Тіпті шөп сүрлейтін қамбалар да әзірленбеген. Шөп сүрлеу жағдайының нашарлығын колхоз басшыларының қысқы маусымда мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға және көңіл бөлмегендіктерінен деп түсіну керек.

Былыл қоғамдық мал басы өткен жылғыдан едәуір көбейді. Мұның өзі жаңадан мал қораларын салуды қажет етеді. Колхоз басшылары мал қораларын салу ісін ұйымдастырған да жоқ.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен КП Орталық Комитетінің мал қыстатуға әзірлену және оны өткізу туралы қарары әрбір колхоздың мал қыстатуды тыңғылықты әзірлікпен бастауын талап етті. Сондықтан колхоз басшылары істегі орын алған кемшілікті дереу жоюға, қоғамдық малды жемшөппен, жылы, жайлы қорамен толық қамтамасыз етуге міндетті.

А. МАНАЕВ.

...жолы жасалып, олар азық дайындайтын кухнялармен байланыстырылған. Совхоздағы су тартатын 3 жел двигателі жөнделіп, дайын тұр.

Совхоз сауыншылары көзірде сүтті тек жазғы күндері ғана емес, қысқы уақытта да мол алу үшін күрес жүргізуде. Бұл үшін ұқалдымен малға құнарлы азықты көптеп дайындау қажет. Совхозда әрбір сауын сиырға 40 центнерден шөп сүрленді. Сонымен бірге түрлі құнарлы және ірі сабақты жемшөп те бар. Біз бұл жоғарыда көрсетілген мал қыстағына нақтылы дайындықтарымызбен бірге мал шаруашылығы жұмысындағы адамдарды мәдени жағынан қамту ісіне де айырықша көңіл бөлудеміз. Біздің мұндай әзірлігіміз қыс уақытында да мал шаруашылығынан жоғары өнім алуға және малды қыстан шығынсыз, күйлі алып шығуымызға толық жағдай жасайды.

П. ЧАУСОВ,
Совет астық совхозының директоры.

Жаңа құрылыстар

Октябрь ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» ауыл шаруашылығы артелінің құрылысшылары стандартты бұзау қорасын салу жұмысын аяқтады. Жаңа қорада 200 бұзау тұратын орын бар. Қораның ішінде әрбір бес бұзауға жеке клеткалар жасалған. Сондай-ақ колхозда бір күс қора және бір астық қоймасы салынып бітті. Жаңадан жасалған астық қоймасында тұқымды сорттап, бантау істері қызу жүргізілуде.

Колхоздағы жаңа құрылыстардың деркезінде және сапалы аяқталуы үшін колхозшылар Р. Аманжолов пен К. Ильясов аянбай еңбек етті. Кәзір құрылыс бригадасы колхоздың ескі мал қораларын түгелдей жөндеуден өткізіп, мал қыстатуға дайын етіп қойды.

К. АСЫЛТАЕВ.

...№ 36 фабрика-завод оқуы мектебінің оқушы комсомолцтері комсомол ұйымының инициативасы бойынша Булаев МТС-не көмекке барды. Мұнда олар аз уақыттың ішінде тың жерлерді игеруге келген патриоттар үшін 8 пәтерлі бір үй, 3 стандартты үйлер салып берді. Әсресе ағаш шеберлері, тасшылар бригадасын басқарған комсомолцтер Грищенко, Попова, Пирагов жолдастар тамаша еңбек үлгілерін көрсетті.

С. САУЫТБАЕВ.

Мал қоралары

Октябрь ауданындағы «Қызылту» колхозында қоғамдық малды қыстатуға әзірлік жұмыстары айтарлықтай жүргізілуде. Колхозда үлкен мал қора салынып, бұрынғы мал қоралары жөндеуден өтті. Кәзірдің өзінде мал қораларының жанына 9 мың центнерден астам жемшөп тасылды.

С. ҚУАНДЫҚОВ.

„Ленин туының“ дабылынан кейін

„Пәтер үй қашан берер екен?“

Газетіміздің осы жылғы 11 сентябрьдегі номерінде «Пәтер үй қашан берер екен» деген тақырыппен Мамлют асыл тұқымды мал совхозының жұмысшысы Қ. Аяпбергенов жолдастың редакцияға жазған хаты жарияланды. Мұнда совхоз дирекциясының Аяпбергенов жолдасты пәтер үймен қамтамасыз етпей келгендігі, сондықтан ол пәтер үй жөнінен өте қиын жағдайға ұшырап отырғандығы айтылған болатын.

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының директоры Б. Дворецкий жолдас бұрынғы күні редакцияға, совхоз жұмысшысы Қ. Аяпбергенов жолдас қолайлы пәтер үймен қамтамасыз етілді, деп хабарлады.

* * *

«Клуб үйі жоқ» деген тақырыппен газетіміздің осы жылғы 4 сентябрьдегі номерінде хабар жарияланған болатын. Бұл хабарда Приишім ауданындағы «Бостандық» колхозында колхозшыларды мәдениетті қамту ісінің нашар екендігі, колхоз басшыларының клуб үйін салып, колхозшылардың мәдени тілегін тыңғылықты өтеуге жағдай туғызуды ескермей отырғандығы айтылды.

Приишім аудандық Совет атқомі председателінің орынбасары Буянский жолдас тілші дабылы бойынша жүргізілген тексерістің нәтижесі жөнінде бізге мынаны хабарлады:

Мақалада көрсетілгендей, «Бостандық» колхозында клуб жоқ екендігі рас. Канск ағаш дайындау мекемесінен сатып алынған ағаш материалдарын уақытылы ала алмағандықтан колхозда быйыл клуб үйінің құрылысы басталмады. Құрылыс материалдарын жеткізіп алысымен колхоз клуб құрылысын қолға алмақ.

Балалық шақтары бақытты, болашақтары жарқын жастар

Архангельск селосының батыс жағында Есіл өзенінің жар қабағына жақын жерден қаз-қатар салынған ағаш үйлердің әйнек шынылары күн нұрына шағылыса жарқырап алыстан көз тартып тұр. Осы көп үйлердің орта шеніне орналасқан әсем биік үйдің алдындағы алаңға серуенге шығып, даурыға сөйлеген біртоп жас балалардың көңілді даустары мен шат күлкілері айналаны шуға толтырғандай. Олар бір қызу әңгімеге кіріскендіктен бе, әйтеуір қастарынан өтіп жатқан бөгде адамдарды аңғарар да емес. Міне, осы топтан жекерек шыққан толықша келген сары бала:

—Алеша, мен оқу бөлмесіне кеттім, оқытушының кешегі үйге берген тапсырмасы есіңде бар ма? —деді даусын көтере, уанышты көңілмен. Бұл өрқашан ойынға да, сабаққа дайындалуда да балаларға басшы болып жүретін Виталий еді.

Виталийдің еске салуығақ мұң екен, оның соңынан үш-төрт бала топтасып ере жөнелді. Бұлар өздерінің сабаққа даярланатын бөлек үйлеріне келіп кірді. Үй бөлмелері жарық, іші таза, едендері сырланыпты. Қаз-қатар қойылған столдар. Онда мектепте оқыйтын балалардың оқу кітаптары, жазу құралдары қойылған. Бөлменің қабырғаларына туысқан партиямыз бен үкметіміздің басшыларының суреті ілініпті. Сол сыяқты, оқушы балалардың өз қолдарымен жазған ұрандары, салған плакаттары және оқу карталары орынды жерлерге қойылып, бөлмені көріктендіріп-ақ тұр.

Осы қаз-қатар салынған үйлердің бәрі Петропавл ауданындағы Архангельск балалар үйіне арналған. Мұнда Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан еліміздің батырларының ұлдары мен қыздары тәрбиеленеді. Ал, манағы шат жүзді, шадыман көңілді жас балалар осы балалар үйінде тәрбиеленетіндер болатын.

Архангельск селосындағы бұл балалар үйі алғаш рет 1930 жылы ұйымдастырылып, содан бері мыңдаған жас балаларды тәрбиелеп өсірді; оларға 7—10 класс көлемінде білім беріп, коммунизмнің болашақтағы құрылысшылары болуы үшін жоғары оқу орнына аттандырды.

—Осы балалар үйінде тәрбиеленіп шыққан мыңдаған жастың бірі мен, —дейді қара көздері отша жанған орта бойлы, бұйра шаш қыз Людмила Семенова. —Мен мұнда 8 жасымда келіп, сол жылы бірінші класқа оқуға түскен едім. Туысқан партиямыздың бізге күнбе-күн жасаған өкелік қамқорлығының арқасында мен және барлық жолдастарым уайымсыз өмір мен шаттықты тұрмыстың аясында өстік. Біздің бақытты жастығымыз өте қызығылықты өтті. Өзімнің дос жолдастарымен бірге, мектепте де сабақты үнемі «жақсы» және «өте жақсы» деген бағаға үлгеріп, 7 класты бітіріп шықтық.

Людмила Семенова бұдан соң өзі тендес жолдастарымен, өсірген алтын ұясымен қоштасып, Петропавлдағы педагогикалық училищеге келіп түсті. Ол балалар үйінде 7 класты «өте жақсы» бітіргендігі үшін педагогикалық училищені бітіргенше мемлекет қамқорлығында болды. Оның мектеп қабырғасында жүргендегі арманы педагогтік білім алып, өзі тәрбиеленіп шыққан балалар үйіне тәрбиеші болып оралу еді. Кәзір оның арманы орындалды. Педагогикалық училищені озат бітірген ол соңғы төрт жыл бойына Архангельск балалар үйінің тәрбиешісі.

Людмила Семенова сыяқты, осы балалар үйінде тәрбиеленіп, кәзір де еліміздің ірі қалаларындағы жоғары оқу орындарында оқып жүрген жастар мұнда аз емес. Солардың бірі—Москваның, химия-технологиялық институтының IV-ші курс студенті Догмара Соболева. Догмара жыл сайын жаз айларындағы демалысында осы Архангельск селосындағы балалар үйінде —тәрбиешілік қызметін атқарады. Ол балаларға астанада көрген, білгендерін баяндап, олардың тәртіпті болуына және саналы терең білім алуларына арнап, бірнеше рет қызғылықты әңгімелер өткізді.

Балалар үйінде тәрбиеленушілер де өздерінің сүйікті туысқанындай болып кеткен Догмараға жыл сайын, посылка және сәлемдер жіберіп, көмектерін көрсетіп отырады.

Осы балалар үйінде тәрбиеленіп, жоғары оқу орындарында оқып жүрген жастар мұнда ондап саналады. Мәселен, соңғы жылдарда ғана балалар үйінде тәрбиеленіп шыққан Людмила Иванова кәзір де Томск медицина институтының екінші курсында оқыйды. Ал, Петр Бородановқ Свердлов қаласындағы политехникалық институттың II курсының озат студенті. Бұлар да өздері тәрбие алған балалар үйіне үнемі хат жазып, өздерінің оқудағы табыстарын хабарлап отырады.

Үстіміздегі жылы балалар үйінде тәрбиеленіп, 7 класты бітірген 25 бала Петропавл қаласындағы теміржолшылар училищесіне, ауылшаруашылық техникумына, ФЗО мектебіне, қолөнершілер училищесіне тағы басқа да оқу орындарына түсті. Бұлардың ішінде жетіжылдық мектепті озат бітірген Володя Жавраилов ауылшаруашылық техникумының агрономдар даярлайтын факультетінде, Надя Осоргина педагогикалық училищеде, Виктор Лявко теміржолшылар училищесінің машинистер даярлайтын бөлімінде оқыйды. Енді үш-төрт жылда бұлардың бәрі де арнаулы мамандық алып шығатын болады.

Быйылғы жаңа оқу жылы басталған күні балалар үйінен 124 оқушы Архангельск орта мектебіне барды. Бұлардан 65 бала быйыл 6-7 кластарда оқыйды. Балалар үйінің басшылары өздерінің оқушыларының ешбір бөгетсіз сабақты жақсы үлгеріп кетуіне толық мүмкіндік жасады. Оларды оқулықтар, жазу-сызу тағы басқа да керекті құралдармен толық қамтамасыз етті. Сондай-ақ, оқуға баратын балалардың барлығына ықшамдан тігілген мектеп формасындағы киім берді.

Балалар үйінің жыл сайын ұлғайып, тәрбиелеуге жастарды көп алуына байланысты, мұнда арнаулы білімдері бар тәрбиешілер, еңбек үйретуші нұсқаушылар, пионер вожатыйлары, көпшілік жұмыстарын ұйымдастырушылар саны жыл санап көбейіп келеді. Мәселен, тек быйылғы жылдың өзінде Камск педагогикалық училищесін бітіріп, осында келген Александра Логачева, Антонина Короткина, Фаина Аренина, Александра Тращенко сыяқты жас педагогтар осы балалар үйінде тәрбиешілер болып істейді.

Балалар үйінде тәрбиеленушілердің саналы, білімді болып өсулері үшін, олардың өмірлерінің қызықты, бақытты болуы үшін мұнда барлық мүмкіншіліктер жасалған. Бұған мысал ретінде осы балалар үйіндегі клубты алуға болады. Клуб үйі селоның ең көрнекті орталығына орналасқан. Сол сыяқты, ол тәрбиеленуші балалардың көңілді демалыстарына қажетті барлық мәдени құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Клуб үйінде жиі-жиі кино-картиналар қойылып, ән-би кештері ұйымдастырылады.

Клубта 60 баладан ұйымдасқан көркөнерпаздар үйірмесі жұмыс істейді. Бұл үйірмелер үстіміздегі жылдың өзінде «Луч Ленина» колхозының дала бригадаларында, механизаторлар арасында, мал шаруашылығында жұмыс істейтін колхозшыларға бірнеше рет концерттер қойып берді. Сондай-ақ, балалар үйлерінің көркөнерпаздары облыстық байқауға қатысып, мұнда да алдыңғы қатарлы орындардың біріне ие болды. Кәзір ән, драма, би үйірмелері жаңа программада концерттер қоюға даярлық жасап жүр.

Клубтың бір бөлмесіне пионерлер үйі, енді бір бөлмесіне кітапхана орналасқан. Кітапханада 12 мың сомның әртүрлі кітаптары бар. Сол сыяқты, кітапхана орталық, республикалық, облыстық газеттер және көптеген журналдар, брошюралар алдырады. Балалар үйінде тәрбиеленушілер түгел дерлік кітапханадан кітап, журнал, газет алып оқыйды.

Мұнда балаларға арналып салынған 7 жатақхана үйі, оқушы балалардың сабаққа даярланатын жеке бөлмелері, қоғамдық монша, дәрігерлік пункт, асхана бар. Бұлардың бәрі де балалардың тілектеріне сай жұмыс істейді. Соңғы жылдарда балаларға ықшамды киімдер тігетін жеке тігін мастерскойы ашылды. Сондай-ақ балаларды қол еңбегіне тәрбиелеу мақсатымен ағаш шеберлері мастерскойы да ұйымдастырылды. Бұлардың барлығы қажетті құрал жабдықтармен, мәдени және көрнекі құралдармен, электр жарығы және радиомен жабдықталған. Ал, жеке үйірмелер мен мастерскойлардың жұмысын маман тәрбиешілер басқарады.

Балалар үйі тәрбиешілер коллективінің жас ұрпақтарды тәрбиелеуде аса назар аударып отырған жұмыстарының бірі — оларды еңбексүйгіштікке, практикалық жұмыстарға дағдыландыру. Бұл мәселеде олар, әсресе балалардың ауылшаруашылық жұмыстарына сүйіспеншілігін арттыруға ерекше көңіл бөлуде. Балалар үйінің жанындағы оқу-тәжрибе участогі, міне, осы мақсатта жұмыс істейді. Мұнда тәрбиешілердің басшылығымен жас балалар быйылғы жылы жидек-жеміс ағаштарын, ауылшаруашылық дақылдарын, түрлі өсімдіктер өсіреді.

Сонымен қатар балалар үйінде тәрбиеленушілердің денсаулықтары жақсы, төзімді шыныққан болып өсулері үшін барлық жағдайлар жасалған. Мәселен, Есіл өзенінің жағасындағы өте көркем жерге орналасқан пионер лагері, балалардың жаз айларында болатын аса сүйікті жері. Мұнда олар оқудан кейін көңілді дем алып, экскурсиялар жасап, шынығып қайтады.

Мемлекет бұл балалар үйінде тәрбиеленушілер үшін миллиондаған сом қаржы босатты. Тек қана үстіміздегі жылдың өзінде балалар үйінің қажеті үшін бір миллион сомнан астам қаржы бөлінді. Сол сыяқты, жас балалардың мәдени қажетін өтеу және олардың эстетикалық көзқарастарын қалыптастыру үшін бөлінген қаржы да аз емес.

Балалар үйін қысқы маусымға әзірлеу жұмысы да мұнда ойдағыдай жүргізіліп келеді. Кәзірдің өзінде балалар үйін қысқа әзір деп айтуға болады. Барлық жатақхана үйлері мен бөлмелер күрделі жөндеуден өткізілді. Тәрбиеленушілер үшін қажетті қыстық киімдер, тамақ заттары, отын ерте дайындалып алынды. Бұлардың бәріне Архангельск селосының еңбекшілері қызу көмектесті. Мұның өзі біздің елімізде жас ұрпақтарды тәрбиелеу бүкілхалықтық іс болып табылатындығын айқын көрсетеді.

—Жас ұрпақтарды саналы, білімді, коммунизмнің болашақ құрылысшылары, Ұлы Отанымыздың адал патриоты етіп тәрбиелеу —біздің тәрбиешілер коллективінің алдына қойып отырған аса маңызды міндеті. Біз бұл абройлы міндетті ойдағыдай орындау жолында қажырлылықпен еңбектенудеміз, —дейді балалар үйінің директоры Қалихан Аяжанов жолдас.

Бұл күндері балалар үйінде тәрбиеленушілер Ұлы Октябрь мейрамын оқуда озат табыстарымен қарсы алу үшін қызу дайындалуда. Сол сыяқты, өздерінің бақытты замандарының басы болып табылатын бұл күнге арнап сауық кешін ұйымдастырмақ. Сондықтан да сабақтан бос уақыттарда клуб үйінде шырқай салған әсем ән мен көңілді музыка даустарын күнде естуге болады. Бұлар —мереке күніне дайындалып жатқан балалық шақтары бақытты, ал, болашақтары жарқын жастар.

Ж. МҰҚАНОВ,
Петропавл ауданы, Архангельск селосы.

Совет Одағы Үкмет делегациясының Герман Демократиялық Республикасында болуы жайында

БЕРЛИН, 9 октябрь. (СОТА). Бүгін республиканың бес жылдығын мерекелеуге байланысты Герман Демократиялық Республикасында жүрген, В. М. Молотов жолдас басқарған Совет Одағының Үкмет делегациясы Карл -Маркс-Штад округінде болды.

Совет Үкмет делегациясымен бірге Карл- Маркс -Штад округіне Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі О. Гротеволь келді.

Делегация кәсіпорындармен, оның ішінде «Висмут» герман- совет акционер лік қоғамының кәсіпорындарымен танысты және «Висмут» кәсіпорындары жұмысшыларының митингісіне қатысты. В. М. Молотов жолдас пен О. Гротеволь неміс және совет халықтары арасындағы достықты нығайту белгісімен өткен жұмысшылар митингісінде сөз сөйледі.

Кешке делегация Карл- Маркс- Штад округі кәсіпорындарының озат жұмысшылары мен инженер- техник құрамының Мәдениет сарайында болған жыйналысына қатысты. Жыйналғандар жылы жүзбен қарсы алған В. М. Молотов жолдас пен О. Гротеволь жолдас сөз сөйледі.

Бұдан соң Үкмет делегациясы жұмысшылардың көркемөнер ұйірмелерінің концертінде болды.

АЛБАНИЯНЫҢ АЗАТ ЕТІЛУІНІҢ ОН ЖЫЛДЫҒЫ ҚҰРМЕТІНЕ

ТИРАНА, 10 октябрь. (СОТА). Албания еңбекшілері өз елдерінің фашистік оккупациядан азат етілуінің он жылдығын қарсы алуға қызу дайындалуда. Бүкіл елде жаппай еңбек жарысы кең өріс алды. Кәсіпорындардың, жаңа құрылыстардың, мекемелердің коллективтері бүкіл халықтық мейрамның құрметіндегі өздерінің жаңа еңбек табыстарын күн сайын хабарлауда. Тиранадағы Энвер Ходжа атындағы металл өңдейтін заводтың жұмысшылары үшінші тоқсанның жоспарын 107 процент, ал, сентябрь айының жоспарын 110 процент орындады. Осы кәсіпорнының цехтарында Мина Минай совет жаңашылдарының озат әдістерін қолдана отырып, өзінің күндік нормаларын 200 процеттен астам етіп орындайды. Сталин қаласындағы мұнай тазартатын заводтың коллективі сентябрь айының жоспарын 150 процент орындады. Үлкен жаңа құрылыстардың бірі — Черриктегі мұнай айдайтын заводтың құрылысшылары айлық тапсырманы мерзімінен 12 күн бұрын орындап шықты. Эльбасан қаласының өнеркәсіп кәсіпорындары сентябрь жоспарын 100,7 процент орындады.

Тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындары нім шығаруды едәуір ұлғайтты. Бұл кәсіпорындар сентябрь жоспарын 12 процент, ал, Дурреса макарон фабрикасы —

БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясы

6 октябрьдегі күндізгі пленум мәжлісі

НЬЮ- ЙОРК, 7 октябрь. (СОТА). Кеше Бас Ассамблеяның күндізгі мәжлісінде «қару- жарақты азайту, атом, сутегі қаруына және жаппай қырып -жоятын қарудың басқа түрлеріне тыйым салу туралы мәселе жөнінде халықаралық конвенция (договор) жасасу туралы» және «Қытай теңіздері ауданында еркін кеме қатынасының бұзылғандығы туралы» совет делегациясы ұсынған пункттерді күн тәртібіне енгізу жайындағы Бас комитеттің ұсыныстары талқыланды. Бас Ассамблеяның председателі совет делегациясының ұсыныстары бойынша емес, Бас комитеттің баяндамасы бойынша тұтас даусыққа қоюды ұсынды. Бұдан бұрын хабар етілгеніндей, Бас комитет бірінші пунктті күн тәртібіне енгізуге, ал чанкайшиліктердің қарақшылық әрекеттері туралы мәселені күн тәртібіне енгізуді уақытша кейінге қалдыруға қарар қабылдаған болатын.

ССРО өкілі А. Я. Вышинский совет делегациясы енгізген екі ұсыныс бойынша жеке- жеке даусыққа қоюды ұсынды. Бас комитеттің баяндамасында, деп мәлімдеді А. Я. Вышинский, Қытай теңіздері ауданында еркін кеме қатынасының бұзылғандығы туралы біздің ұсынысымызды осы сессияның күн тәртібіне енгізу жайында мәселе талқылауды комитеттің бірнеше күнге кейінге қалдыруға ұйғарғаны хабар етілді. Бас комитеттің мұндай қарарын біздің делегациямыз дұрыс емес деп санайды, өйткені, бұл қарардың заңды және саяси негіздері жоқ. «Қытай теңіздері ауданында еркін кеме қатынасының бұзылғандығы туралы» пункт күн тәртібіне енгізілсін деген біздің ұсынысымызды мынаны атап көрсеткен болатын: бұл ұсыныстың енгізіліп отырған себебі сол, соңғы уақытта Қытай теңіздері ауданында чанкайшилік соғыс кемелерінің әртүрлі елдердің сауда кемелеріне қарақшылық шабуылдар жасап, бұл кемелерді ұстап қалу әрекеттері жиіленіп кетті.

Мұны дәлелдеу үшін Вышинский бірқатар оқиғаларды еске салды. Ол совет тік «Туапсе» танкерінің, Польшаның «Президент Готвальд» дейтін сауда кемесінің ұсталып отырғанына назар аударды. Ол сонымен қатар басқа елдердің сауда кемелеріне, атап айтқанда, ағылшынның «Хайфа» жүк кемесіне, ағылшынның басқа «Розита» кемесіне (мұның капитаны өлтірілген) және Данияның «Хейнрих иессен» сауда кемесіне бірқатар шабуылдар жасалғанын көрсетті.

«Қытай теңіздері ауданында еркін кеме қатынасының бұзылғандығы туралы» мәселені күн тәртібіне енгізуді біз ұсынып отырған уақытта, деді Вышинский, әңгіменің ашық теңіздегі еркін кеме қатынасының жалпы жұрт таныған принципін өрескел бұзғандық болып табылады. Французғ үкметінің араға түсуі арқылы келіссөздер жүргізілін жатырмыс деген сылтаумен бұл пунктті күн тәртібіне енгізу туралы мәселені талқылау кейінге қалдырылсын деп Бас комитетке енгізілген ұсыныс та дәлелсіз болып табылады. Біз бұл сылтаудың да ешқандай негізі жоқ деп көрсеткенбіз, өйткені, Совет Одағының делегациясы қойған мәселе тіпті де қайдағы бір жеке кеме жайында немесе қайдағы бір жеке оқиғаға жайында болып отырған жоқ. Біз қойған мәселенің анағұрлым жалпы және анағұрлым маңызды принциптілік сыйпаты мен принциптілік маңызы бар. Оның ашық теңізде сауда кемелеріне қарақшылық шабуылдар жасау практикасы деп қана атауға болатын практиканың ұзақ системасына қатысы бар.

Осының бәрі бұл мәселені күн тәртібіне енгізу туралы оның өзін талқылауды бірнеше күнге кейінге қалдыру үшін тіпті ешқандай ақылға сыятын —заңды да, саяси де— негіз болмағанын көрсетеді.

Бас комитеттің мұндай қарарымен келісуге болмайтыны айқын. Біз мұны тек осындай практиканы іс жүзінде тоқтатқысы келмегендік, ашық теңізде болып отырған осындай масқаралық практикаға БҰҰ Бас Ассамблеясының назарын аударғысы келмегендік деп түсіндіре аламыз.

Совет делегациясы Бас комитеттің қарарымен келісе алмайды және Бас комитет қарарының бұл бөлімін қабылдамай тастауды талап етеді. Совет делегациясы екі мәселені жеке -жеке шешуді сұрайды.

Совет делегациясының ұсынысын Польша мен Чехословакияның өкілдері қолдады. Біздің делегациямыз, деп мәлімдеді поляк делегаты Скшешевский, чанкайшиліктердің қарақшылық әрекеттері туралы мәселе талқылауға ерекше мүдделі болып отырған мемлекеттің өкілі болып табылады. Поляк делегациясы, деді ол, «Қытай теңіздері ауданында еркін кеме қатынасының бұзылғандығы туралы» пунктті күн тәртібіне енгізу жайындағы совет делегациясының ұсынысын толығымен қолдайды.

Гоминдандық, Бас комитеттің мәжлісінде де мұны ұсынғанындай, «Туапсе» кемесі жайында Франция мен гоминдан арасындағы келіссөздерге байланысты бұл мәселені талқылау кейінге қалдырылсын деп тағы да ұсынды.

Бас Ассамблея «Қытай теңіздері ауданында еркін кеме қатынасының бұзылғандығы туралы» мәселені талқылауды кейінге қалдыруға 40 делегацияның даусымен қаулы алды. 6 делегация — ССРО, УССР, БССР, Польша, Чехословакия және Индия бұған қарсы даусы берді. 7 делегация, соның ішінде Бирма мен Сирияның делегациялары даусыққа қойған кезде қалыс қалды.

Бас Ассамблея [illegible] жарысты азайту

Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Миннің Ханой халқына үндеуі

ШАНХАЙ, 9 октябрь. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігінің хабар еткеніндей, Вьетнам Демократиялық Республикасының астанасы — Ханойдың азат етілуіне байланысты президент Хо Ши Мин Ханой халқына үндеу жолдаған.

«Бұдан сегіз жыл бұрын, —делінген үндеуде, —үкмет ұлттық-азаттық жолындағы күресті жүргізу үшін астананы тастап кетуге мәжбүр болды...

Бүгін біздің халқымыздың қажырлылығы және біздің армиямыздың батырлық күресі арқасында бейбітшілік қалпына келтірілді және үкмет Сіздерге, астанасына қайта оралды. Біз бір семьяның мүшесі болып табыламыз және біздің қуанышымыз шексіз.

Үкмет атынан мен Сіздерге, отандастарыма, өзімнің шын жүректен шыққан қуттықтауымды жолдаймын».

Хо Ши Мин Вьетнам Демократиялық Республикасы астанасының халқын үкметпен бірлесе отырып, халықтың тұрмыстық және мәдени дәрежесін көтеруге жетісуге, тәртіпті қолдап және хауіпсіздікті қамтамасыз етуге, «еңбек сүйгіштік, ұқыптылық, әділдік және адалдық» үшін қозғалыстың инициаторы болуға шақырды.

«Саясат саласында, —делінген үндеуде, —біз өзіміздің қатарымызды онан әрі тығыз топтастыруға және демократиялық бостандықтарды жүзеге асыруға тиістімізі. Барлық адамдар астананы дамыту және бейбітшілік сүйгіш, біртұтас, тәуелсіз және демократиялық Вьетнам құрылыстары ісіне өздерінің барлық қабілеттерін арнауға тиіс...».

Мақсаты халық мүддесі үшін қызмет ету болып саналатын біздің үкметіміз халықтық үкмет болып табылады. Үкмет біздің отандастарымыз өздеріне көмектеседі, қолдайды және кеңестер береді, сол сыяқты, халыққа адал және беріле қызмет етудегі өздерінің міндеттерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін оны сынайды деп сенеді...».

Вьетнам Демократиялық Республикасының астанасы —Ханой жасасын!

Вьетнамдағы бейбітшілік, біртұтастық, тәуелсіздік және демократия жасасын!

Вьетнам Халық армиясы Ханойға кірді

ШАНХАЙ, 9 октябрь. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігінің хабарына қарағанда, 8 октябрьде таңертеңгі сағат 6-да Вьетнам Халық армиясының (ВХА) тұрақты бөлімдері Ханой бағытына қарай қозғалды, күндізгі сағат 3 кезінде қаланы тапсырудың жасалған жоспарына сәйкес Ла-Тань көшесінің (Дик) түйіскен жеріне келді. Бүгін таңертеңгі сағат 5-те француз Одағы қарулы күштерін аст[illegible] ВХА-ның

Қазақстан мен Орта Азия республикаларының спартакиадасы

Жарыстың бесінші күні

ТАШКЕНТ, 8 октябрь. **(ҚазТАГ-тың тілшісінен).** Кеше жеңілатлетшілер жарысының ақырғы күні болды. Оны балға лақтырушылар ашты. Балға лақтыратын алаңға алматылық Штода келіп тұрды. Оның шыр айналдыра, қатты атып жібергін балғасы Қазақстан рекордының белгісі ретінде қадалған жалаушадан едәуір алыс барып түсті. Штода көрсеткен 53 метр 70 сантиметр нәтижесі, оны еліміздің ең күшті балға лақтырғыштарының қатарына қосты.

Ер адамдар үшін 800 метр қашықтыққа болған жарыс өте қызғылықты өтті. Қазақстандықтар Руцкий, Гаврилов және өзбекстандық Чухонин бірден алға шықты. Олар кезек-кезек алға озып, финишке ұмтылатын тура жолға шықты. Финиш лентасына бірінші болып Гаврилов жанасты. Оған ілесе финишке Руцкий жетті. Олардың көрсеткен уақыты 1 минут 53,3 секунд. Өткен жолғы спартакиадаларда әйелдер үшін 800 метр қашықтыққа жүгіруде үнемі Хасанова (Өзбек ССР-ы) жеңіске жетіп отырған еді. Бұл жолы оған жеңісті Қазақстан жүгірімпазы Еременкоға беруге тура келді. Еременко бұл қашықтықты 2 минут 15 секунд уақытта жүгіріп өтті.

Жолға кедергілер қойылған 3000 метрлік қашықтыққа болған жарыста қазақстандық спорт мастері Кадяйкин кезекті жеңіске ие болды. Ол бұл қашықтықта Совет Одағындағы ең күшті жүгіргіштердің бірі болып саналады. Кадяйкиннің жерлесі Рябов екінші орын алды. 10 километр қашықтыққа спорттық аяңмен жүруде Қазақстан мен Орта Азия республикаларының чемпионы атағын Козлов (Қазақстан) жеңіп алды.

Төрешілер тобы жеңілатлетика бойынша болған бес күнгі жарысты қорытындылады. Командалық бірінші орын 39413 ұпай алған Өзбекстанның жүгіргіштері, секіргіштер мен лақтырғыштарына берілді. Екінші орын өзбекстандықтардан 3353 ұпай кем жыйнаған Қазақ ССР-ы жеңіл атлетшілерінің командасына берілді.

Кеше жүзуден ақырғы жарыс өткізілді. 4.200 метрлік эстафетада қазақстандықтар Исаков, Николаев, Минеев және Лобанов республикалық жаңа жетістікке ие болды. Қазақстан рекорды 21 секундқа жақсартылды. Жалпы командалық есеп бойынша қазақстандық жүзгіштер командасы Қазақстан мен Орта Азия республикаларының спартакиадасында алғаш рет бірінші орын алды. Өзбек және Түркмен спортшылары бұлардан кейін қалды.

Ауыратлетшілер жарысы да бұдан әрі жалғастырылды. Жартылай орта салмақтылар арасында қазақстандық Лобанов жақсы нәтиже көрсетті. Көтерудің классикалық үш түрі бойынша ол 360 килограмм көтеріп, Қазақстан мен Орта Азия республикаларының чемпионы атағын қайтадан жеңіп алды. Қазақстан штангашылар командасы әзірше екінші орында келеді.

Баскетбол алаңында кеше спорттың бұл түрі бойынша бірінші орын алудың ең негізгі кездесу болып өтті. Мұнда қазақстан мен Өзбекстанның ерлер командасы ойнады. Жарысқа төре берушілер халықаралық төреші категориясына жататын москвалықтар Костин мен Синяков болды. Алғашқыда басымдылық өзбек баскетболшыларының жағында еді. Дегенмен қазақстандықтар Шумейко мен Жайынбаев лақтырған доптар көздеген жерге дәл түсті. Үзіліс болар алдында есеп 14:14 болып тең тұрды. Жарыстың екінші жартысында қазақстандықтардың басымдылығы бірден көзге түсті. Команданың капитаны Бухбалов ойынды тактикалық дұрыс ұйымдастыра білді. Қандай жағдайда болмасын лақтырған добын қарсы жақтың корзинкасына дәл түсірген Ахтаев ерекше көзге түсті. Төрешілердің ойын бітті деп берген ысқырықтары 55:45 есебінде қазақстандық баскетболшылардың жеңіске жеткендіктерін білдірді.

Кеше классикалық күрестен де жарыс аяқталды. Қазақстан мен Орта Азия республикаларының чемпионы атағын Қазақ ССР-ның атлеттері Иониди, Самсонов, Киргизов алды. Командалық жүлде Өзбек ССР-ның палуандарына тапсырылды. Қазақстандық спортшылар коллективі екінші орынға шықты.

Сол күні гимнастшы әйелдер еркін программа бойынша жарысқа шықты. Алғашқыдай, жарыста бірінші орын алу жөніндегі күрес Чуксева (Өзбекстан) мен алматылық спорт мастері Абдулкина екеуінің арасында болды. Қазақстан гимнастшысы бірсыпыра снарядтарда алда болғанмен, кольцада сәтсіздікке кездесті. Соның нәтижесінде жеңіске ие болған—Чуксеева, Ол спорт мастерінің нормасын орындап, Абдулкинадан 0,45 балл алда болды.

Жарыстың пятиборьесінен Қазақстан командасы өзінің жағдайын едәуір жақсаруға жетісті. Пятиборьеңің бір түрі— ат жарысынан есепке енбегеніне қарамастан, қазақстандықтар шпагамен сайыста, пистолеттен атуда және жүзуде бірінші орындарды жеңіп алды.

Бүгін спартакиаданың ақырғы күні болады.

Ауыр атлетикадан дүние жүзінде бірінші орын алу жарысы

ВЕНА, 10 октябрь. (СОТА). Венада ауыр атлетикадан дүние жүзінде бірінші

Екінші қыймылда—жұлқын көтеруде Джорджға совет спортшысымен теңелудің

КХДР ЖАҒЫНА ҰШЫП ШЫҚҚАН ОҢТҮСТІК КОРЕЯЛЫҚ ҰШҚЫШТАРДЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ПХЕНЬЯН, 9 октябрь. (СОТА). Корея-ның Орталық телеграф агенттігі былай деп хабарлайды: 8 октябрьде Оңтүстік Кореядан КХДР жағына ұшып шыққан лисынмандық армияның лейтенант-ұшқыштары Пак Тэ Хван және Хан Сан Ок пен баспасөз қызметкерлерінің әңгімесі болған.

Пак Тэ Хван өзін жылы жүзбен қарсы алғаны үшін алғыс айтып, былай деп мәлімдеген: Оңтүстік Кореяның халқы американ империалистерінің жетегінде жүрген лисынмандық тобырлардың халыққа қарсы саясаты салдарынан, жоқшылыққа және аштық өлімге ұшырауға душар болып отыр. Елде қанаушылық және террор үстемдік алған. Ауралар және аштан өлушілер саны үздіксіз өсуде. Соғыс аяқталған бір жылдың ішінде Оңтүстік Кореяда американдықтар мен таңдаулы адамдар көңілденетін ресторандар мен жезөкшелер тұратын үйлерден басқа ешқандай құрылыстар салынған жоқ. Ауыл шаруашылығы күйзелушілік жағдайында. Шаруалар аштықтан өлімге ұшырау қаупінде өмір сүріп отыр.

Елдің Солтүстік бөлігінде, деді Пак Тэ Хван, мен бұған керісінше жағдайды көрдім, бұл бөлікте соғыстан болған жараны жазу қызу жүргізілуде. Мен отанға және халыққа жаңқышылық қызмет ету арқылы өз өмірімдегі маскаралық кінәні жууға берік бел байладым.

Хан Сан Ок былай деді: мен қылмысты соғысты қайта тудыруға тырысып отырған сатылған лисынмандық тобырлардың жүргізіп отырған халыққа қарсы саясатының нәтижелерін өз көзіммен көргеннен кейін КХДР жағына шығуға берік бел байладым. Ли Сын Манның агрессиялық жоспары тек қана жай халықтың арасында ашу мен ыза тудырып отырған жоқ, сонымен бірге соғыстың аяқталуына шын қуанған және өз отанының бейбіт жолмен бірігуін, оның тәуелсіздігін тілеп отырған «Ұлттық қорғаныс армиясының» солдаттары мен офицерлері арасында да ашу-ыза тудыруда.

ГОМИНДАНДЫҚТАРДЫҢ ҚХР-ға ҚАРСЫ АРАНДАТУШЫЛЫҚТАРЫ ӘЛІ БОЛЫП ЖАТЫР

ПЕКИН, 10 октябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабар етуіне қарағанда, чанкайшилік самолеттердің Қытай Халық Республикасының Гуандун жағалауы бойындағы Чаоань, Сватоу және басқа аудандарына шабуылы әлі де болып жатыр. 5 октябрьде чанкайшилік екі истребитель ағылшының Гонконгтан Сватоуға келе жатқан «Иденцейл» сауда кемесінің үстінде айнала ұшып, барлау жасаған. Бұдан кейін самолеттер Шапусан, Чаоян. аудандарының үстінде ұшып, шаруаларды атқылаған, олар Халық азаттық армиясы зенниттік артиллериясының оғымен қуылып тасталған.

6-8 октябрьдің аралығында чанкайшилік самолеттер Гуандун провинциясындағы Жаонинге, Дэнхайға, Сватоуға. Чаоянға және Чаоаньға жалпы саны 9 рет шабуыл жасаған.

тын —нағыз қылмыс болып табылатын қылмысты әрекеттердің тұтас системасы жайында болып отырғанын, бұл қылмыстарды Бас Ассамблеяның батыл айыптауға тиіс екенін, өйткені, бұл әрекеттерге чанкайшиліктер ғана емес, сонымен бірге оларға дем беріп отырғандардың айыпты екенін жоғарыда келтірілген фактілер көрсетіп отыр.

Сондықтан, «Туапсе» танкері жайында

атом, суғегі қаруына және жаппай қырып-жоятын қарудың басқа түрлеріне тыйым салу туралы мәселе жөнінде халықаралық конвенция (договор) жасау туралы» пунктті сессияның күн тәртібіне енгізуге 55 дауыспен қаулы алды. Мәжілісе қатысып отырған делегациялардың бірде- бірі қалыс қалған жоқ және қарсы дауыс берген жоқ.

Франциядағы Ұлттық жиналысында

ПАРИЖ, 9 октябрь. (СОТА). Түнде Франциядағы Ұлттық жиналысында Лондон кеңесінің қорытындыларын және Батыс Германияны қаруландыру жөніндегі 9 мемлекет келіссөздеріндегі француз үкметінің позициясын талқылау аяқталды. Айтыстар герман милитаризмін қалпына келтіру қаупінен француз жұртшылығы тынышсыздануының өсіп отырғандығын айқын көрсетті, мұның өзі парламенттің көптеген депутаттарының позицияларынан көрінді.

Айтыстың соңында үкмет басшысы Мендес-Франс сөз сөйлеп, депутаттардың кейбір сұрақтары мен сын пікірлеріне жауап берді. Ол мынаны мойындады: Англияның Брюссель системасына қатысуына жетісу үшін Франция өз позициясынан шегінуге мәжбүр болды.

Германияны біріктіру жөніндегі мәселеге тоқтай келіп, Мендес-Франс былай деп мәлімделді: бұл бірігудің шарттарын алдын-ала болжау қыйын.

Батыс пен Шығыс арасында келіссөздер жүргізу жөніндегі мәселені айта келіп, министрлер советінің председателі, ол бейбітшілікті нығайтуға бағытталған қандай да болса нәрседен бойды аулақ салмаймын деп мәлімделді.

Үкмет басшысы депутаттардан Лондон кеңесіндегі оның әрекетін мақұлдауды талап етті.

Бұдан соң Ұлттық жиналыстың кулуарларында саяси топтардың қарар жобасы жөніндегі келіссөздер қайта басталды. Ұлттық жиналыстың бюросына жеті қарар жобасы енгізілді. Коммунистік топтың жобасы Францияның ұлттық мүддесіне қайшы келетін шара ретінде Лондон қарарын қабылдамай тастауды көздейді. Радикал Обридің жобасы үкмет позициясын сөзсіз мақұлдайды. Басқа бес қарарлар жобасы Лондондағы Мендес-Франстың әрекетін тікелей немесе жанамалай мақұлдау рухында жасалған, бірақ, оларда бірқатар шарттар мен жағдайлар бар. Мұның өзі жұртшылық пікірінің өсіп отырған тынышсыздануы кейбір парламенттік топтарға әсер етіп отырғандығын көрсетеді.

Ұлттық жиналыстағы оншыл көпшіліктің жалпы формула табу жөніндегі әрекеті ешқандай табысқа жетпегендіктен Мендес-Франс Обри қарарын мақұлдауды талап етіп, сенім көрсету туралы мәселе қойды.

Үкметке сенім көрсету мәселесі жөнінде дауыс беру 12 октябрьге белгіленді.

Бірқатар Париж газеттерінің пікіріне қарағанда, сенім көрсету туралы мәселені көю Мендес-Франстың Ұлттық жиналыста қыйыншылыққа кездесіп отырғандығын көрсетеді.

Батыс Герман кәсіподақтары Лондон кеңесінің қарарларына қарсы шығуда

БЕРЛИН, 10 октябрь. (СОТА). Батыс Германия біріккен кәсіподақтарының 4 октябрьден бері болып жатқан үшінші конгресі аяқталды.

Батыс Германия жұмысшы табының Аденауэр үкметі жүргізіп отырған ремилитарландыру саясатына қарсы көзқарастарын ескере отырып, кәсіподақтың оңшыл басшылығы Лондон кеңесінің Батыс Германияны қаруландыру жөніндегі қарарын айыптайтын қарар енгізді.

ДПА агенттігінің хабарына қарағанда, көпшілік дауыспен қабылданған конгрестің қарарында, атап айтқанда, былай делінген: «федералдық республиканың ішкі дамуы үшін Лондон қарарында қарастырылған ремилитарландыру мен неміс армиясын құру милитарлық мемлекет құру хаупі болып табылады. Конгрес халықтар арасында өзара түсінісушілікке және Германияны біріктіруге жету мақсатын көздейтін келіссөздер үшін барлық мүмкіншіліктер пайдаланылып болғанша, қандай да болсын соғыстық келісімдерді қабылдамайды».

Ирак премьер-министрінің Туркияға келуі

НЬЮ- ЙОРК, 10 октябрь. (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігінің тілшісі былай деп хабарлайды: кеше Ирак премьер-министрі Нури Саид Стамбулға келген.

Дипломатиялық топтарда, деп атап көрсетеді агенттік, премьер- министрлер Ирактың Түрік-Пакистан пактысына қосылу мүмкіндігін талқылайды деп екентейді.

байланыс офицерлері француз Одағы қарулы күштерінің байланыс офицерлерімен Ла-Тань көшесінің жеке пункттерінде кездесті. Әскерлерді әкету бүгін таңертеңгі сағат 6-да басталды және кешкі сағат 5-те немесе 6-да аяқталады. 10 октябрьде француз Одағының қарулы күштері Жиа-Лам ауданынан әкетіледі. Сәйтіп 10 октябрь күні кешке ВХА астананы және оның маңайын өзінің толық бақылауына алады.

Вьетнам Халық армиясының бөлімдері астанаға қарай беталған кезде астана маңайындағы деревнялардың тұрғындары оларды қуанышпен қарсы алды. Бұл кездесулер жиі -жиі демонстрацияларға және армия мен халықтың қуанышты мерекесіне айналып кетіп отырды.

Англия консервативтік партиясының жыл сайын болып тұратын конференциясының аяқталуы

БЛЭКПУЛ, 9 октябрь. **(СОТА-ның арнаулы тілшісі).** Англия консервативтік партиясының жыл сайынғы болып тұратын конференциясының бүгінгі таңертеңгі мәжілісінде ішкі саясат мәселелері жөнінде бірқатар қарарлар қабылданды.

Консервативтік партия Орталық Советінің председателі лорд Вултон өзінің қорытынды сөзінде конференцияға қорытынды жасады және делегаттарды «соңғы 12 айдағы» парламенттік сайлауға дайын болуға шақырды.

орын алу жарысы болып жатыр. Кеше жеңіл салмақты штангішілер жарысы болып өтті.

Салмақ көтерудің классикалық үш түрінің қорытындысында бірінші орынға совет спортшысы Димитрий Иванов шықты Ол жеңіл салмақтылар категориясында дүние жүзі мен Европа чемпионы деген атақты жеңіп алды. Көтерудің үш түрінен Иванов 367,5 килограмм нәтиже көрсетті.

Дмитрий Ивановқа дүние жүзі мен Европа чемпионының Алтын медалі тапсырылды.

ВЕНА, 10 октябрь. (СОТА). Кеше кешке жартылай орта салмақты ауыр атлетшілер жарысы өткізілді. Бұл жарыс халықаралық ірі жарыстарға алғашқы рет қатысып отырған советтің жас спортшысы Богдановский мен халықаралық кездесулерде көптеген тәжрибе алған американдықтар Станчик және Джерждың арасында болған қызу күрес үстінде өтті.

Қысқы көтеруде Богдановский 122,5 килограмм нәтиже көрсетіп, американдықтардың екеуінен де озып шықты.

көтерді. Ал, Богдановский мен Станчик 122,5 килограммадан нәтиже көрсетті.

Жұлқын көтеруден совет спортшысы Дуганов жасаған дүние жүзілік рекордтан асыру үшін Джордж штангіні төртінші рет көтерді. Бірақ онысы боска кетті.

Үшінші қыймылда Джордж 160 килограмм, Богдановский 157,5 килограмм және Станчик 150 килограмнан нәтиже көрсетті. Бұл салмақ категориясы бойынша бірінші орын жалпы қорытындысы 405 килограмм салмақ көтерген Джорджқа (АҚШ) берілді. Екінші орында—Богдановский, оның көрсеткіші 402,5 килограмм. Үшінші орында—Станчик (АҚШ), оның көрсеткіші 390 килограмм.

Богдановскийдің көрсеткен нәтижесі осыдан 13 жыл бұрын жасалған Бүкілодақтық рекордтан 2,5 килограмм артық. Совет спортшысына Европа чемпионының Алтын медалі және дүние жүзінде бірінші орын алу жарысының Күміс медалі тапсырылды.

Совет баскетболшылары Египетте

ПОРТ-САИД, 10 октябрь. (СОТА). Кеше Порт-Саидте Совет және Египет баскетболшыларының арасындағы халықаралық ақырғы жолдастық кездесу өткізілді. Тбилиси «Динамо» командасының ойыншылары тағы да Египеттің бірінші құрама командасымен кездесті. Қызу қарқында, екі жақтың да қатты шабуылдарымен өткен ойын, 63:51 есебінде совет баскетболшыларының жеңісімен аяқталды.

Тбилиси «Динамо» баскетболшылары Египетте Египеттің бірінші және екінші құрама командаларымен бес рет жолдастық кездесу өткізді. Бұл кездесулердің бесеуінде де совет спортшылары жеңіске жетті.

Ойын көрушілер совет спортшыларын жылы жүзбен қарсы алды.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

ҚАЛА ІШІНДЕ ӨЗ ЕРКІМЕН ҚҰРЫЛЫСТАР САЛУҒА ҚАРСЫ КҮРЕС ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Совет аткомінің 1954 жылғы 18 августағы № 692 міндетті қарары

Петропавл қаласында тұрған үй құрылысын салуды тәртіпке келтіру және заңсыз түрде өз еркімен тұрғын үй салушылыққа қарсы күресті күшейту мақсатымен, РСФР Халық Комиссарлары Советінің 1940 жылғы 22 майдағы қаулысын және Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің 1940 жылғы 24 декабрьдегі № 915 қаулысын басшылыққа ала отырып, қалалық Совет аткомі қаулы етті:

1. Қалалық коммуналдық шаруашылықтың инвентарлық-техникалық бюросына уақытша салынған құрылыстарда тұратын және үй салуға заңды документтері жоқ азаматтарды үй кітапшасына тіркейтін бланкені растауына тыйым салынсын.

2. Петропавл қаласының милиция органдарының, тиісті рұқсат алмастан салынған үйлерге орналасқан азаматтарды үй кітапшасына тіркеуіне және заңды документтер жасап беруіне тыйым салынсын.

3. Қалалық коммуналдық шаруашылықтың инвентарлық-техникалық бюросының жазбаша рұхсатынсыз өздігінен құрылыстар салғаны үшін мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарының, кооперативтік және қоғамдық ұйымдардың басшылары РСФСР қылмыс заңының 109 статьясына, ал, жеке үй салушылар қылмыс заңының 90 статьясы бойынша бас жауапкершілігіне тартылады.

4. Өздігінен құрылыс салушылар және құрылыс салуға кіріскендер бір ай мерзім ішінде өздерінің күшімен және өз есептерімен барлық құрылыстарын көшіріп әкетуге және жер участогін тәртіпке келтіруге міндетті.

5. Архитектура істері жөніндегі бөлім қала ішіндегі жерлерге өз еркімен салған құрылыстардың жер участогін, жоспарлы құрылыстар салу үшін, есепке алуға міндеттендірілсін.

6. Осы міндетті қарардың орындалуын бақылау еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомі председателінің орынбасары Алханов жолдасқа жүктелсін.

Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомінің председателі
М. ВОЛТЯКОВ.

Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомі секретарының міндетін атқарушы
Ю. ПЛОТНИКОВА.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»
(Екінші сериясы)

Сеанстар кешкі сағат 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»
(Бірінші сериясы)

Сеанстар кешкі сағат 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

Түпкілікті жұмысқа тез арада кочегарлар, көмір тасушылар, түрлі жұмысшылар, химик- лаборанттар КЕРЕК.
Адрес: Петропавл қаласы, Ерназаров көшесі, 176-үй.

Петропавл қаласы, Профессиональная көшесі, 6-үйде тұрушы Максим Никитич Коркин Петропавл қаласы, Базар көшесі, 24-үйде тұрушы Галина Владимировна Коркинадан айрылатыны жөнінде арыз берді.
Іс Петропавл қаласындағы, 5-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02679 Қазақ ССР Мәдениет министрлігі басна және полиграфия өнеркәсібі. Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.